

**«Аграрлық несие корпорациясы»
акционерлік қоғамы**

Қаржылық есептілік

2020 жыл үшін, тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен

МАЗМҰНЫ**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ****ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК**

БАСШЫЛЫҚТЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ РАСТАУЫ.....1

Қаржылық жағдай туралы есеп	2
Пайда немесе залал туралы есеп	3
Жиынтық кіріс туралы есеп	4
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	5
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп.....	6

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызмет сипаты	7
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі	7
3. Есеп саясатының негізгі ережелері	8
4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар	23
5. Бизнестерді біріктіру	24
6. Ақша қаражаты және оның баламалары	25
7. Банктердегі қаражат	25
8. Клиенттерге берілген несиелер	27
9. Инвестициялық бағалы қағаздар	33
10. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	33
11. Инвестициялық жылжымайтын мүлік	36
12. Негізгі құралдар	37
13. Материалдық емес активтер	38
14. Өзге активтер	38
15. Акционердің алдындағы берешек	40
16. Кредиттік ұйымдардың қаражаты	42
17. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	42
18. Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	42
19. Өзге міндеттемелер	43
20. Салық салу	44
21. Капитал	45
22. Кредиттік залалдар бойынша шығыстар	47
23. Персонал шығыстары және өзге операциялық шығыстар	48
24. Шарттық және шартты міндеттемелер	48
25. Тәуекелдерді басқару	50
26. Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелердегі өзгерістер	57
27. Қаржы құралдарының әділ құны	57
28. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін сараптау	60
29. Байлансты тараптармен операциялар	61
29. Байлансты тараптармен операциялар (жалғасы)	62
30. Капиталдың жеткіліктілігі	62
31. Есепті күннен кейінгі оқиғалар	63

Басшылықтың 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржылық есептілікті дайындауға және бекітуге жауаптылығы туралы растауы

Тәуелсіз аудитордың ұсынған тұжырымымен бірге қарастырылуы қажет, төмендегі мәлімдеме, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – «Қоғам») жеке қаржылық есептілігіне қатысты аудитор мен басшылықтың жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалды.

Басшылық Қоғамның 2020 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сол сияқты осы мерзімде аяқталатын жылда оның қызмет нәтижесін, ақша қаражаты қозғалысын және капиталдағы өзгерісін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес барлық маңызды аспектілері тұрғысынан анықкөрінетін қаржы есептілігін дайындауға жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық мыналарға жауаптылықта болады:

- тиісті есеп саясатын таңдау және қолдану;
- ақпараттың, оның ішінде есеп саясаты туралы деректердің осындай ақпараттың орындылығы, анықтығы, салыстырмалылығы және түсініктілігі нысанында берілуі;
- ХҚЕС талаптарын қадағалау немесе қаржылық есептілікке ескертпелерде ХҚЕС-тен барлық маңызды ауытқуларды ашу;
- Қоғамның үздіксіз жұмыс істейтін кәсіпорын ретінде жұмысын жалғастыру қабілетін бағалау.

Қоғам басшылығы, сондай-ақ, мыналарға жауаптылықта болады:

- Қоғамның тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қамтамасыз ету;
- кез келген сәтте Қоғамның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәрежедегі дәлдікпен дайындауға мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдауға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- бухгалтерлік есепті ХҚЕС және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу;
- Қоғамның активтерін қорғау үшін өз құзыры шегінде шара қолдану;
- жағымсыз іс әрекеттер және өзге де қиянатшылдық фактілерін айқындау және алдын алу.

2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде беріліп отырған қаржылық есептілікті Қоғам басшылығы 2021 жылғы 25 ақпанда бекітті:

Култаев Бағлан Кулибаевич

Басқарма Төрағасы

Зайтуллаева Ирина Николаевна

Бас бухгалтер



Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2020 жылғы 31 желтоқсанға**

(мың теңгемен)

	Ескер.	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	6	48.744.242	48.578.130
Банктердегі қаражат	7	14.941.678	45.063.483
Клиенттерге берілген несиелер	8	449.226.953	361.783.687
Сатуға арналған активтер	8	3.409.307	1.880.310
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	10	740.711	2.287.406
Инвестициялық бағалы қағаздар	9	27.569.113	604.896
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	11	438.163	447.821
Негізгі құралдар	12	314.557	367.500
Материалдық емес активтер	13	245.064	254.653
Өзге активтер	14	1.546.266	1.663.281
Активтер жиыны		547.176.054	462.931.167
Міндеттемелер			
Акционердің алдындағы берешек	15	164.128.030	155.214.588
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	16	-	9.876.118
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	17	164.197.490	86.340.978
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	18	44.770.133	36.435.103
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері		447.545	373.023
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	20	49.345	135.976
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	20	1.468.832	1.486.049
Өзге міндеттемелер	19	5.050.086	4.231.587
Міндеттемелер жиыны		380.111.461	294.093.422
Капитал			
Жарғылық капитал	21	167.809.534	167.809.534
Қосымша төленген капитал	21	70.446.355	58.624.854
Резервтік капитал	21	5.339.751	5.339.751
Шартты бөлу резерві	21	(84.687.953)	(67.467.287)
Бөлінбеген пайда/(жинақталған залал)		8.156.906	4.530.893
Капитал жиыны		167.064.593	168.837.745
Міндеттемелер мен капитал жиыны		547.176.054	462.931.167
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	21	992,24	1.002,72

Қоғам Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Култаев Баглан Кулибаевич

Басқарма Төрағасы

Зайтуллаева Ирина Николаевна

Бас бухгалтер

2021 жылғы 25 ақпан



ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	<i>Ескер.</i>	<i>2020 жыл</i>	<i>2019 жыл</i>
Тиімді мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары		3.790.549	4.323.045
Банктердегі қаражат		4.074.947	5.529.233
Клиенттерге берілген несиелер		53.691.035	41.966.531
Инвестициялық бағалы қағаздар		1.942.584	3.099.505
		<u>63.499.115</u>	<u>54.918.314</u>
Өзге пайыздық кірістер			
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		87.422	42.844
		<u>63.586.537</u>	<u>54.961.158</u>
Пайыздық шығыстар			
Акционердің алдындағы берешек		(12.597.806)	(11.632.992)
Кредиттік ұйымдардың қаражаты		(59.203)	(902.375)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		(10.596.697)	(5.317.449)
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек		(3.588.080)	(2.546.677)
Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешек		(5.678)	(5.467)
Өзге де міндеттемелер		(40.192)	(114.313)
		<u>(26.887.656)</u>	<u>(20.519.273)</u>
Таза пайыздық кіріс		<u>36.698.881</u>	<u>34.441.885</u>
Кредиттік залалдар бойынша шығыстар	22	(4.115.936)	(7.966.793)
Кредиттік залалдар бойынша шығыстарды шегере отырып, таза пайыздық кіріс		<u>32.582.945</u>	<u>26.475.092</u>
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кіріс/(залал)		(710)	49
Өзге кірістер		184.300	218.832
Персонал шығыстары	23	(3.594.708)	(3.328.928)
Өзге операциялық шығыстар	23	(2.180.486)	(2.100.061)
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін түрлендіру нәтижесіндегі таза залалдар	8	(2.430.216)	(303.107)
Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату нәтижесіндегі таза залалдар		-	(663.174)
Өзге шығыстар		(540.036)	(198.385)
Пайыздық емес шығыстар		<u>(8.561.856)</u>	<u>(6.374.774)</u>
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда		<u>24.021.089</u>	<u>20.100.318</u>
Корпоративтік табыс салығы бойынша жұмсалған шығыстар	20	(4.361.040)	(4.066.282)
Бір жылғы пайда		<u>19.660.049</u>	<u>16.034.036</u>
Жай акцияға базалық және бөлінген пайда (теңгемен)	21	116,94	100,63

Қоғам Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Култаев Бағлан Кулибаевич

Басқарма Төрағасы

Зайтуллаева Ирина Николаевна

Бас бухгалтер

2021 жылғы 25 ақпан



ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	<i>Ескер.</i>	2020 жыл	2019 жыл
Бір жылғы пайда		19.660.049	16.034.036
Бір жылғы өзге жиынтық кіріс		—	—
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		19.660.049	16.034.036

Қоғам Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Култаев Баглан Кулибаевич

Басқарма Төрағасы

Зайтуллаева Ирина Николаевна

Бас бухгалтер



2021 жылғы 25 ақпан

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(мың теңгемен)

Ескер.	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	Шартты бөлу резерві	Жинақталған залал/ бөлінбеген пайда	Жиыны
2019 жылғы 1 қаңтарға	158.630.371	34.670.854	5.339.751	(46.219.772)	(1.127.526)	151.293.678
Есепті кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	16.034.036	16.034.036
«ҚазАгроӨнім» АҚ-ның қосылуы шеңберінде жарғылық капиталдың ұлғаюы	21 9.179.163	-	-	-	-	9.179.163
Салықты шегере отырып, акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы танудан түсетін кіріс	21 -	23.954.000	-	-	-	23.954.000
Салықты шегере отырып, бір жылға шартты бөлу резерві	21 -	-	-	(21.247.515)	-	(21.247.515)
Жарияланған дивидендтер	21 -	-	-	-	(10.375.617)	(10.375.617)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	167.809.534	58.624.854	5.339.751	(67.467.287)	4.530.893	168.837.745
2020 жылғы 1 қаңтарға	167.809.534	58.624.854	5.339.751	(67.467.287)	4.530.893	168.837.745
Есепті кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	19.660.049	19.660.049
Салықты шегере отырып, акционерден әділ құны бойынша алынған қарыздарды бастапқы танудан түсетін кіріс	21 -	11.821.501	-	-	-	11.821.501
Салықты шегере отырып, бір жылға шартты бөлу резерві	21 -	-	-	(17.220.666)	-	(17.220.666)
Жарияланған дивидендтер	21 -	-	-	-	(16.034.036)	(16.034.036)
2020 жылғы 31 желтоқсанға	167.809.534	70.446.355	5.339.751	(84.687.953)	8.156.906	167.064.593

Қоғам Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Култаев Баглан Кулибаевич

Басқарма Төрағасы

Зайтуллаева Ирина Николаевна

Бас бухгалтер

2021 жылғы 25 ақпан



АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	<i>Ескер.</i>	2020 жыл	2019 жыл
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Алынған пайыздар		35.106.929	32.257.118
Төленген пайыздар		(15.005.193)	(11.373.040)
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(2.604.373)	(2.443.471)
Өзге де төленген операциялық шығыстар		(1.738.231)	(2.026.829)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағындары		15.759.132	16.413.778
<i>Операциялық активтердің таза (көбеюі)/ азаюы</i>			
Банктердегі қаражат		31.290.430	(10.026.355)
Клиенттерге берілген несиелер		(92.486.705)	(111.503.497)
Өзге активтер		762.552	405.405
<i>Операциялық міндеттемелердің таза көбеюі/(азаюы)</i>		2.334.558	1.644.965
Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза пайдаланылуы		(42.340.033)	(103.065.704)
Төленген корпоративтік табыс салығы		(3.716.566)	(2.005.681)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза пайдаланылуы		(46.056.599)	(105.071.385)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден түскен түсімдер		257.229.023	404.712.426
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу		(284.043.533)	(404.678.244)
Негізгі құралдарды сатып алу		(95.521)	(42.187)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(22.585)	(105.763)
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза (жұмсалуды)/түсуі		(26.932.616)	(113.768)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздарды тартудан түскен түсімдегі	26	70.000.000	60.000.000
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздарды өтеу	26	(70.000.000)	(60.000.000)
Кредиттік ұйымдардан қарыздарды тартудан түскен түсімдер	26	-	9.800.000
Кредиттік ұйымдардан қарыздарды өтеу	26	(9.800.000)	(9.477.051)
Акционерден қарыздарды тартудан түскен түсімдер	26	33.523.182	69.601.108
Акционерден алынған қарыздарды өтеу	26	(20.533.889)	(23.348.012)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	26	76.206.439	28.729.231
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан қарыздарды тартудан түскен түсімдер	26	12.856.780	17.867.780
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан алынған қарыз қаражаттарын өтеу	26	(3.066.250)	(365.127)
«ҚазАгроӨнім» АҚ-нан қаражаттың түсуі	5	-	437.983
Дивидендтерді төлеу	21	(16.034.036)	(10.375.617)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі		73.152.226	82.870.295
Күтілетін кредиттік залалдарының ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		3.101	3.131
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі		166.112	(22.311.727)
Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		48.578.130	70.889.857
Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	6	48.744.242	48.578.130
Ақшалай емес операциялар			
«ҚазАгроӨнім» АҚ-ды қосу шеңберінде КТС бойынша активтің берілуі	5	-	75.398

Қоғам Басқармасы атынан қол қойылған және шығаруға бекітілді:

Култаев Баглан Кулибаевич

Зайтуллаева Ирина Николаевна

2021 жылғы 25 ақпан



Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

(мың теңгемен)

1. Қызмет сипаты

«Аграрлық несиелік корпорациясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша - «Қоғам») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Аграрлық секторды несиелеу мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысымен құрылды. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының банк заңнамасымен көзделген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жанындағы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау комитеті берген 2013 жылғы 5 қарашадағы № 5.2.24 операцияларды жүргізуге арналған лицензияның негізінде жүзеге асырады. Қоғам қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі мәтін бойынша - «ҚРҰБ») реттейді.

Қоғамның негізгі қызметінің мақсаты ауыл шаруашылығының секторын қолдау бойынша үкіметтік бағдарламаларды іске асыру, агроөнеркәсіптік кешенде өз жобаларын іске асыру үшін отандық және шетелдік инвестицияларды тарту, агроөнеркәсіптік кешендегі жобаларды әзірлеу және іске асыру, кепіл мүлкін және берілген қаражатты өтеу есебінен алынған ауыл шаруашылығы өнімін өткізу, тиісті лицензияның негізінде банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру, лизинг қызметін жүзеге асыру, Жарғыда көзделген, Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін, заңнамалық актілермен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері болып табылады.

Қоғамның қаржыландыру қызметінде қаражатты пайдалану бойынша айрықша талаптар мен шектеулер көзделген. Клиенттерге берілетін несиелер бойынша пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларын іске асырумен байланысты нарықтық мөлшерлемеден төмен болып табылады.

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі «ҚазАгро» немесе «Акционер») Қоғам акцияларының 100%-на иелік етеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қоғамның түпкі бақылаушы тарабы болып табылады.

2020 жылғы 31 желтоқсанға Қоғамның Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген 17 филиалы бар (2019 жылдың 31 желтоқсанына: 17 филиал).

2019 жылғы 5 желтоқсанда Қоғам Жалғыз Акционер Басқармасының 2019 жылғы 18 қазандағы № 47 шешімінің негізінде оған «ҚазАгроӨнім» АҚ («ҚАӨ») қосылуы арқылы ерікті қайта ұйымдастыруды жүзеге асырды.

Қоғамның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Иманов көшесі, 11-үй.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХКЕС») сәйкес дайындалды.

Қаржылық есептілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде аталып өткенді қоспағанда, нақты шығындар бойынша бағалауды есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

Осы қаржылық есептілік бір жай акция есебінен алынған деректерді қоспағанда немесе егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі мәтін бойынша – «мың теңге») көрсетілген.

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі туралы қағидатқа негізделе отырып дайындалды, бұл қалыпты қызмет барысында активтерді өткізу және міндеттемелерді өтеуді білдіреді. Қоғамның өз активтерін сату қабілеті, сондай-ақ, оның қызметі ағымдағы және Қазақстандағы болашақ экономикалық жағдайлардың келешекте елеулі ықпалына ұшырауы мүмкін.

COVID-19 пандемиясының әсері

COVID-19 індетінің жайылуы экономикалық жағдайдың едәуір нашарлауына және жоғары қауіпті секторлардағы көптеген компаниялардың қызметі үшін экономикалық тұрлаусыздықтың артуына себеп болды.

Басшылық пандемияның Қоғамның қызметіне ықтимал әсерін уақтылы бағалады және кейіннен COVID-19 пандемиясына байланысты теріс әсер ету дәрежесін төмендетуге мүмкіндік беретін бірқатар қадамдар жасады:

- Пандемия кезінде Қоғам қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында Тәуекел-менеджмент департаменті (бұдан әрі - ТМД) құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп, Басқарма төрағасының 13.07.2020 ж. № 77-Ө бұйрығымен бекітілген Қоғам қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары (бұдан әрі – ҚҰҚ жоспары) әзірленді.
- ҚҰҚ жоспары шеңберінде басым бизнес-процестер, басым бизнес-процестер бойынша іс-шаралар жоспары және осы бизнес-процестерге жауапты құрылымдық бөлімшелер айқындалды.

(мың теңгемен)

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

- Вирус жұқтыруды болдырмау мақсатында қызметкерлерді қашықтықтан жұмыс режиміне ауыстыру бойынша іс-шаралар жүргізілді, жауапты құрылымдық бөлімшелерде алмастыратын қызметкерлер тағайындалды. Қауіпсіздік департаменті мен АТ-ны автоматтандыру және дамыту департаменті тарапынан ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық қажетті іс-шаралар жүргізілді, соның нәтижесінде ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі, оның ішінде, бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етудің істен шығуы болған жоқ.
- Қоғам қызметінің тиімділік көрсеткіштерінің орындалуын мониторингтеу шеңберінде, құрылымдық бөлімшелер өз қызметі аясында пандемияның Қоғамның қаржылық көрсеткіштеріне ықтимал әсері бойынша талдау жүргізді. ТМД қаржы құралдарының күтілетін шығындары және Қоғамның таза пайдасына ықтимал әсер етуі бойынша ықтимал сценарийлер (оптимистік/пессимистік есеп) бойынша есептеулер жүргізді. Қызметтің және ТЖ ресми режимін алып тастаудың қорытындылары бойынша, қаржылық есептіліктің негізгі көрсеткіштері жоспарлы көрсеткіштер шегінде сол деңгейде қалды.

COVID-19-ға байланысты Қоғамның Даму стратегиясына өзгерістер енгізілмеді.

COVID-19 пандемиясының Қоғамның 2020 жылғы қызметіне ықтимал әсерін бағалау нәтижесінде мыналар анықталды:

- Қоғамның COVID-19 салдарынан қаржылық қиындықтары болған жоқ, жоспарланған шығыстардың нормадан асып кетуі орын алмады.
- Компания борыштық міндеттемелер бойынша барлық шарттарды (ковенанттарды) сақтауды жалғастыруда. Бұдан басқа, Қоғам өз міндеттемелерін орындау мақсатында, сондай-ақ, үздіксіз жұмыс істеу мақсатында өтімділіктің қажетті деңгейін тұрақты негізде қамтамасыз етеді.
- Қаржылық емес активтердің құнсыздануының ішкі және сыртқы көздері сәйкестендірілмеді.
- Штатты қысқарту болған жоқ, Қоғам әкімшілік қызметкерлер үшін қашықтан жұмыс режимін ұйымдастырды. Сондай-ақ, қызметкерлерге жалақы төлеуде кідірістер болған жоқ.
- 2020 жыл ішінде экономикалық құлдырау кезеңінде кредиттік портфель сапасының жалпы елеусіз нашарлауы байқалды және жалпы алғанда қаржы активтері бойынша қалыптастырылған провизиялар көлемі ұлғайды.

Қоғамның негізгі қызметі қолжетімді және тиімді қаржыландыру жүйесін қалыптастыру жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің тұрақты дамуына жәрдемдесу болып табылады. Қазақстанда пандемияның басталуы және төтенше жағдайдың жариялануы, сондай-ақ, шектеу шараларының енгізілуі Қоғам қарыз алушыларының төлем қабілеттілігіне елеулі ықпал етті. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне төтенше жағдай режимінің қызметіне қолданылуы, атап айтқанда тауарды өткізудегі, ел өңірлерінің логистика саласындағы қызметіне және қарыз алушыларға байланысты емес себептер бойынша туындаған мемлекеттің сыртқы шекараларының жабылуына теріс ықпал еткенін атап өтеміз. Бұдан басқа, пандемияның теріс ықпал етуіне орай, Қоғам қарыз алушыларға төлемдерді төлеу мерзімін жеке тәртіппен ұзартуды ұсынды.

COVID-19 пандемиясына байланысты Қоғамда ауыртпалықты келісімшарттар, сондай-ақ келісімшарт талаптарын бұзуға байланысты сот істерінен туындаған шартты міндеттемелер болған жоқ.

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Қоғам өз қызметін үздіксіздік қағидаты негізінде жалғастыра алмаған жағдайдағы қажетті түзетулерді қамтымайды.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері

Есеп саясатындағы өзгерістер

Қоғам 2019 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін стандарттарға бірқатар түзетулерді алғаш рет қолданды. Қоғам шығарылған, бірақ күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ. Өр түзетудің сипаттамасы мен әсері төменде сипатталған.

Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген ХҚЕС жаңа және түзетілген стандарттары

ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7-ге «Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау» түзетулерін бастапқы қолданудың әсері

ХҚЕСК 2019 жылдың қыркүйегінде ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39 және ХҚЕС (IFRS) 7 – «Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау» түзетулерін шығарды.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

Осы түзетулер пайыздық мөлшерлемені реформалау тікелей әсер ететін хеджирлеу қатынастарын есепке алу тәртібіне өзгерістер енгізеді, бұл хеджирлеу объектісіне немесе ағымдағы пайыздық мөлшерлемелер тікелей әсер ететін хеджирлеу құралдарына қатысты базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау нәтижесінде өзгертілмейтін сәтке дейін осындай операцияларды есепке алуды жалғастыруға мүмкіндік береді.

Осы түзетулер сондай-ақ, ХҚЕС (IFRS) 7 сәйкес ХҚЕС (IFRS) 9 түзетулерімен енгізілген ерекшеліктер қолданылатын хеджирлеу қатынастары бөлігінде ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды кеңейтеді. Ашуға қойылатын жаңа талаптар 63(c) (ii) ескертпеде берілген.

Ұйымдар негізгі пайыздық мөлшерлемені реформалау тікелей әсер ететін барлық хеджирлеу қатынастарына түзетулерді қолдану керек. Түзетулер Қаржының қаржылық есептілігіне ықпал еткен жоқ.

16 ХҚЕС (IFRS) түзетулеріне бастапқы қолданудың ықпалы

«Жалдау» - «COVID-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша жеңілдіктер»

ХҚЕСК 2020 жылғы мамырда ХҚЕС (IFRS) 16-ға «Жалға беру» - «Covid-19 пандемиясына байланысты жалға беру бойынша шегінудер» түзетуін шығарды, онда жалға алушылар үшін COVID-19 пандемиясының тікелей салдары ретінде туындайтын жалға беру бойынша жеңілдіктер болған жағдайда жалға беру шарттарын өзгертуді есепке алу бөлігінде ХҚЕС (IFRS) 16 талаптарын қолданудан босатуды көздейді. Практикалық сипатты жеңілдету жалға алушыға COVID-19-ға байланысты берілген жалдау бойынша жеңілдік жалдау шартын өзгерту болып табылатындығын талдамауға құқық береді. Осы жеңілдетуді пайдаланған жалға алушы, егер ол жалдау шартының модификациясы болып табылмаса, осы өзгеріс ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес есепте қалай көрінетініне ұқсас, COVID-19 байланысты жалдау бойынша басқаға беруге байланысты жалдау төлемдерінің кез келген өзгерісін ескеруі тиіс.

Бұл түзету тек тікелей COVID-19-дан туындаған жалға беру бойынша жеңілдіктерге ғана және мынадай барлық шарттар сақталған жағдайда ғана қолданылады:

- жалдау төлемдерінің өзгеруі нәтижесінде жалдау шарты бойынша қайта қаралған өтеу сомасы жеңілдік берілгенге дейін тікелей төленуге тиісті өтеу сомасымен салыстырғанда төмен болады немесе іс жүзінде өзгеріссіз қалады;
- жалдау төлемдерінің кез-келген төмендеуі тек 2021 жылдың 30 маусымынан кешіктірмей төленуі тиіс төлемдерге қатысты болады (жалдау шарттары бойынша жеңілдік, егер ол 2021 жылдың 30 маусымында немесе одан бұрын жалдау төлемдерінің төмендеуіне немесе 2021 жылдың 30 маусымынан кейін орын алатын жалдау төлемдерінің ұлғаюына әкелетін болса, осындай шартқа сәйкес келеді); және
- жалдау шартының басқа шарттары айтарлықтай өзгермейді.

Ағымдағы қаржы жылында Қоғам ХҚЕС (IFRS) 16-ға (2020 жылғы мамырда шығарылған ХҚЕСК) түзетуді мерзімінен бұрын қолданды. Қолдану осы қаржылық есептіліктегі сомаға немесе ашып көрсетуге айтарлықтай ықпал еткен жоқ.

Ағымдағы кезеңге қатысты күшіне енген ХҚЕС басқа жаңа және түзетілген стандарттарын бастапқы қолданудың ықпалы

Ағымдағы жылы Қоғам 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап және одан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет ететін ХҚЕС стандарттарына және ХҚЕСК шығарған Түсіндірулерге төменде көрсетілген түзетулерді қолданды. Оларды қолдану осы қаржылық есептілікте көрсетілген ашуға немесе сомаға айтарлықтай ықпал еткен жоқ.

ХҚЕС стандарттарындағы «Тұжырымдамалық негізге» сілтемелеріне түзетулер

Қоғам «Тұжырымдамалық негізге» сілтемелерге түзетулер» құжатына енгізілген түзетулерді қолданды. Түзетулер жаңа «Тұжырымдамалық негізге» сілтемелері бар стандарттарға өзгерістерді қамтиды. Алайда, барлық түзетулер сілтемелер мен дәйексөздер туралы ережелерді қайта қаралған тұжырымдамалық негізге қатысты етіп жаңарта бермейді.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

Кейбір ережелер Тұжырымдамалық негіздің қай нұсқасына сілтеме жасайтынын көрсету үшін ғана жаңартылады (ХҚЕСК 2001 жылы қабылданған «ХҚЕСК тұжырымдамалық негізі», 2010 жылы қабылданған «ХҚЕСК тұжырымдамалық негізі» немесе жаңа редакцияланған 2018 жылғы «Тұжырымдамалық негізі») немесе стандарттағы анықтамалардың жаңа анықтамалармен жаңартылмағандығын көрсету үшін, қайта қарастырылған «Тұжырымдамалық негізде» әзірленді.

Құжатта ХҚЕС (IFRS) 2, ХҚЕС (IFRS) 3, ХҚЕС (IFRS) 6, ХҚЕС (IFRS) 14, ХҚЕС (IAS) 1, ХҚЕС (IAS) 8, ХҚЕС (IAS) 34, ХҚЕС (IAS) 37, ХҚЕС (IAS) 38, ХҚЕСК (IFRIC) 12, ХҚЕСК (IFRIC) 19, ХҚЕСК (IFRIC) 20, ХҚЕСК (IFRIC) 22 и ПКР (SIC) 32 түзетулер бар.

3 «Бизнесі айқындау» ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

Компания ағымдағы жылы 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер қолданды. Түзетулерде, әдетте, бизнестің қайтарымы болса да, оның болуы бизнес ретінде қызмет түрлері мен активтердің біріктірілген жиынтығын анықтау үшін міндетті емес екендігі түсіндіріледі. Осы түзетулерге сәйкес бизнес болып саналуы үшін қызмет түрлері мен активтердің сатып алынған біріктірілген жиынтығы, кем дегенде, салымды және айтарлықтай дәрежеде қайтарымды құруға ықпал ететін принципті маңызды процесті қамтуы тиіс.

Түзетулер сондай-ақ нарыққа қатысушылардың кез келген жетіспейтін ресурстарды немесе олардың процестерін қайтарымды алуды жалғастыру үшін өз салымдарымен және процестерімен ауыстыру мүмкіндіктерін бағалау қажеттілігін алып тастайды. Түбегейлі маңызды процестің алынғанын талдау үшін нұсқаулық қосылды.

Түзетулер шоғырлануға арналған міндетті емес тест енгізеді, бұл сатып алынған қызмет түрлері мен активтердің жиынтығы бизнес болып табылатындығына жеңілдетілген баға беруге мүмкіндік береді. Тест негізінде сатып алынған қызмет түрлері мен активтердің жиынтығы, егер сатып алынған жалпы активтердің барлық әділ құны бір сәйкестендірілетін активке немесе ұқсас активтер тобына шоғырланса, бизнес болып табылмайды.

Түзетулер бизнес бірлестіктеріне қатысты күшіне енеді, олар үшін сатып алу күні 2020 жылдың 1 қаңтарына немесе осы күннен кейін түсетін активтерді сатып алуға қатысты перспективалы түрде қолданылады.

«Маңыздылықты айқындау» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Компания ағымдағы жылы 1 ХҚЕС (IAS) және 8 ХҚЕС (IAS) түзетулерін қолданды. Түзетулердің мақсаты ХҚЕС стандарттарында қолданылатын маңыздылықтың негізгі тұжырымдамасын өзгерту емес, 1 ХҚЕС-тегі (IAS) «маңыздылық» анықтамасын түсінуді жеңілдету болып табылады. Жаңа анықтамада маңызды емес ақпаратпен бірге ұсыну арқылы маңызды ақпаратты «жасыру» тұжырымдамасы қосылды.

Пайдаланушыларға ықпал ететін маңыздылықтың шекті мәні «ықпал етуі мүмкін» дегеннен «ықпал етуі мүмкін деп күтуге болады» деп өзгертілді.

Маңыздылық анықтамасы біртектілікті қамтамасыз ету үшін ХҚЕС (IAS) 8 және ХҚЕС (IAS) 1-ге, сондай-ақ тұжырымдамалық негізде және «маңыздылық» терминіне анықтама немесе сілтемелер қамтылған басқа да стандарттарда ұқсас.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Компания осы қаржылық есептілікті бекіту күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген мынадай жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданбады:

17 (IFRS) ХҚЕС	«Сақтандыру шарттары»
10 ХҚЕС (IFRS) және	«Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын
28 ХҚЕС (IAS) (түзетулер)	арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді салу»
1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер	«Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді етіп жіктеу»
3ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер	«Тұжырымдамалық негізге» сілтемелер»
16 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер	«Негізгі құралдар – басшылықтың ниетіне сәйкес негізгі құралдарды
	қолданғанға дейін өндірілген өнімді сатудан түсетін түсімдер»
37 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер	«Ауыртпалықты шарттар – шартты орындауға арналған шығындар»
«ХҚЕС-ті жыл сайынғы	«Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын бірінші қолдану» 1
жестілдірулер, кезеңі	ХҚЕС (IFRS), «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС (IFRS), «Жалға беру» 16
2018-2020 жылдар»	ХҚЕС (IFRS) және «Ауыл шаруашылығы» 41 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Басшылық жоғарыда аталған стандарттардың қабылдануы Компанияның қаржы есептілігіне болашақ кезеңдерде маңызды ықпал етеді деп күтпейді, тек төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда:

17 «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS)

17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттары бойынша тану, бағалау, ұсыну және ашу қағидаларын белгілейді және 4 «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС-ке (IFRS) алмастырады.

Бұл стандарт ауыспалы сақтандыру сыйақылары шарттары ретінде сипатталатын тікелей қатысу компоненттері бар сақтандыру шартына сәйкес модификацияланған жалпы үлгінің қолданылуын көздейді. Белгілі бір критерийлер орындалса, сыйақыларды бөлу әдісін қолдана отырып, қалған жабу бойынша міндеттемелерді бағалау арқылы жалпы үлгі жеңілдетіледі.

Жалпы модельде соманы, мерзімдерді және болашақ ақша ағындарына қатысты белгісіздікті бағалау үшін ағымдағы жорамалдар қолданылады және ол осы белгісіздіктің құнын бағалайды. Модель нарықтық проценттік мөлшерлемелерді және сақтандырушылардың опциондары мен кепілдіктерінің әсерін ескереді.

2020 жылғы маусымда ХҚЕС жөніндегі кеңес «17 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер» шығарды, 17 ХҚЕС (IFRS) шығарылғаннан кейін анықталған стандартты енгізуге байланысты мәселелер мен қиындықтарды реттеу мақсатында болды. Осы түзетулер 17 ХҚЕС (IFRS) (осы түзетулерді қоса алғанда) бастапқы қолдану күнін 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдерге ауыстырады. Осы уақытта ХҚЕС жөніндегі кеңес 9 ХҚЕС (IFRS) қолданудан уақытша босатудың белгіленген мерзімі 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе одан кейінгі жылдық есептік кезеңдерге ауыстырылатын «ХҚЕС (IFRS) 9 (4 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер) қолданудан уақытша босатуды ұзарту» құжатын шығарды.

17 ХҚЕС (IFRS) ретроспективалы түрде қолдану керек, бірақ мұны іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болса, олай болмаған жағдайда түрлендірілген ретроспективалық тәсіл немесе әділ күн бойынша есеп қолданылу керек.

Өтпелі талаптар мақсатында ұйым осы стандартты алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталуы бастапқы қолдану күні болып табылады, ал көшу күні бастапқы қолдану күнінің тікелей алдындағы кезеңнің басталу күні болып табылады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

ХҚЕС 10 (IFRS) және ХҚЕС (IAS) 28 «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сатуға немесе жарна төлеуге» түзетулер

ХҚЕС (IFRS) 10-ға және ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер Инвесторлар мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында активтерді сату немесе жарна төлеу жағдайларында қолданылады. Атап айтқанда, түзетулер қауымдастырылған ұйыммен немесе бірлескен кәсіпорынмен жасалған мәміледе өз бизнесін ұсынбайтын еншілес ұйымға деген бақылауды жоғалтуға байланысты алынған, үлестік қатысу әдісімен ескерілетін пайдалардың немесе шығындардың осы қауымдастырылған ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы басқа байланыспаған инвесторлардың үлесінде ғана бас компанияның пайдалары мен залалдарының құрамында танылады. Осыған ұқсас, бұрынғы еншілес ұйымдардағы қалған үлестің әділ құнына дейін қайта бағалаудан түсетін пайдалар немесе залалдар (қауымдастырылған ұйым немесе бірлескен кәсіпорын болған және үлестік қатысу әдісімен ескерілетін) қауымдастырылған жаңа ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға байланысты емес инвесторлардың үлесінде ғана бұрынғы бас компаниямен танылады.

Күшіне енетін күнді ХҚЕС жөніндегі Кеңес әлі анықтаған жоқ, бірақ мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

ХҚЕС (IAS) 1 «Қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді міндеттемелер ретінде міндеттемелерді жіктеу» түзетулері

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер қаржылық жағдай туралы есепте қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ретінде міндеттемелерді ұсынуды ғана қозғайды, бірақ қандай да бір активті, міндеттемені, кірісті немесе шығыстарды тану сомасын немесе уақытын не осындай баптар туралы ашып көрсетілетін ақпаратты білдірмейді.

Осы түзетулерде, егер ұйымның есепті кезеңнің соңында міндеттемені өтеуді кемінде 12 айға кейінге қалдыруға құқығы болса, міндеттеме ұзақ мерзімді ретінде жіктелетіні нақтыланады. Жіктеу тек осындай құқықтың болуына байланысты және ұйымның міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығын пайдаланатындығына қатысты күтулерге байланысты; егер есептік кезеңнің соңында шектеу шарттарының талаптары сақталса, құқықтар бар екендігі түсіндіріледі; сондай-ақ өтеу деп контрагентке ақша қаражатын, үлестік құралдарды, басқа да активтерді немесе қызметтерді беруді білдіретіні түсінікті болу мақсатында "өтеу" анықтамасы енгізіледі.

Түзетулер ретроспективті түрде 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат беріледі.

3 «Тұжырымдамалық негізге» сілтемелер» ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

Түзетулер 3 ХҚЕС-ке (IFRS) жаңартулар енгізеді, соның салдарынан ол 1989 жылғы «Тұжырымдамалық негізге» емес, 2018 жылғы «Тұжырымдамалық негізге» сілтеме жасайды. Они также вносят в МСФО (IFRS) 3 требование, ол ХҚЕС (IAS) 37 қолданылу саласында сатып алушы өткен оқиғалардың нәтижесінде сатып алу күніне туындаған қолданыстағы міндеттеменің бар-жоғын анықтау үшін 37 ХҚЕС-ті (IAS) қолданады. 21 «Міндетті төлемдер» ХҚЕСК (IFRIC) қолданылу аясына жататын міндетті төлемдерге қатысты сатып алушы міндетті төлемдерді төлеу бойынша міндеттеменің туындауына әкелетін міндеттеу оқиғасының сатып алу күніне туындағанын анықтау үшін 21 ХҚЕСК (IFRIC) қолданады.

Бұдан басқа, түзетулерде бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған шартты активтерді сатып алушы мойындамауы керек деген бір мәнді бекітуді қосады.

Осы түзетулерде сатып алу күні сәйкес келетін немесе 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын бірінші жылдық кезеңнен кейін басталатын бизнестерді біріктіру жөніндегі мәмілелерге қатысты қолданылады. Егер ұйым барлық басқа жаңартылған сілтемелерді (жаңартылған «Тұжырымдамалық негізбен» бірге жарияланған) ертерек бастаса немесе бір уақытта қолдана бастаса, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

16 «Негізгі құралдар – басшылықтың мақсатына сәйкес негізгі құралдарды пайдаланғанға дейін өндірілген өнімді сатудан түсетін түсімдер» ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Осы түзетулермен негізгі құралдар объектісінің бастапқы құнын актив пайдалануға дайын болғанға дейін өндірілген өнімді сатудан түсетін кез келген түсімдер сомасына азайтуға, яғни активті орналасқан жеріне және басшылықтың мақсатына сәйкес оларды пайдалану үшін жарамды күйге келтіру процесінде алынған түсімдерге тыйым салынады. Демек, ұйым сатудан түскен кірістер мен тиісті шығыстарды пайда немесе шығын бөлігі ретінде таниды. Ұйым осындай объектілер үшін шығындарды 2 «Қорлар» ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес бағалайды.

Бұл түзетулер сонымен қатар «активтің тиісті жұмыс істеуін тексерудің» мағынасын түсіндіреді. ХҚЕС (IAS) 16 мұндай «тексеру» активті үшінші тұлғаларға жалға беру немесе әкімшілік мақсаттағы тауарларды, қызметтер көрсетуі өндіруде және жеткізуде пайдалану мақсатында техникалық және физикалық жай-күйін бағалау деп түсіндіреді.

Егер осы сомалар жиынтық кіріс туралы есепте жеке ұсынылмаса, қаржы есептілігі Компания қызметі барысында алынбаған түсімдермен байланысты пайда немесе залал құрамына енгізілген, қаржылық жағдай туралы есептің түсімдер мен шығындарды қамтитын бабын немесе бірнеше баптарын көрсете отырып, түсімдер мен шығындардың сомасын ашып көрсетуі тиіс.

Бұл түзетулер ретроспективті түрде, бірақ бұл ұйым осы түзетулерді алғаш қолданған қаржы есептілігінде ұсынылған ең ерте кезеңнің басында немесе одан кейін басшылықтың мақсатына сәйкес оларды пайдалануға жарамды, орналасқан жеріне және жай-күйіне келтірілген негізгі құралдардың объектілеріне қатысты ғана қолданылады.

Ұйым түзетулерді бастапқы қолданудың жиынтық әсерін осындай ерте ұсынылған кезеңнің басындағы бөлінбеген кірісті (немесе капиталдың өзге компонентін, егер орынды болса) түзету ретінде тануға тиіс.

Түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады.

37 «Ауыртпалықты келісімшарт – шартты орындауға арналған шығындар» ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Бұл түзетулерде «келісімшартты орындауға арналған қосымша шығындар» «келісімшартқа тікелей байланысты шығындар» болып табылады. Келісімшартқа тікелей байланысты шығындар шартты орындауға қосымша шығындарды да (мысалы, тікелей еңбек шығындары немесе материалдар), сондай-ақ шартты орындауға тікелей байланысты басқа шығындарды бөлуді де (мысалы, шартты орындау кезінде пайдаланылатын негізгі құралдар объектісіне амортизациялық шығындарды бөлу) қамтиды.

Ұйым бұл түзетулерді алғаш рет қолданған жылдық кезеңнің басында ұйым міндеттемелерін әлі орындамаған шарттарға осы түзетулер қолданылады. Салыстырмалы көрсеткіштерді қайта есептеу жүргізілмейді. Оның орнына, ұйым түзетулерді бастапқы қолданудың жиынтық әсерін, егер қажет болса, бастапқы қолдану күніне бөлінбеген кірісті немесе капиталдың басқа компонентін түзету ретінде тануы керек.

Түзетулер 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді, бірақ ұйым оларды ертерек қолдана алады. Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай ықпал етпейді деп күтілуде.

ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2018-2020 жылдар

Бұл «Жыл сайынғы жетілдірулер» төрт стандартқа арналған түзетулерді қамтиды.

1 ХҚЕС (IFRS) «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын бірінші қолдану»

Бұл түзету еншілес ұйымдар үшін жиынтық бағамдық айырмаларды есепке алуға қатысты қосымша оңайлатылған ережені ұсынады, олар стандарттарды өздерінің бас ұйымдарына қарағанда кешірек қолданады. Осы түзетудің нәтижесінде 1:16D (а) ХҚЕС (IFRS) алып тастауды пайдаланатын еншілес ұйым енді барлық шетелдік бөлімшелер бойынша бағамдық айырмаларды, егер шоғырландыру кезінде және нәтижесінде бас ұйым еншілес ұйым сатып алған бизнесті біріктірудің әсеріне қатысты ешқандай түзетулер жасалмаса, негізгі ұйымның ХҚЕС стандарттарына көшу күнін пайдалана отырып, бас ұйымның шоғырландырылған есептілігіне енгізілетін баланстық құны бойынша бағалай алады. Осындай таңдауды 1:16D (а) ХҚЕС (IFRS) сәйкес ерекшелікті қолданатын қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын жасай алады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады.

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»

Бұл түзетулерде қаржылық міндеттемені тануды тоқтатуын айқындайтын «10% тест» деп аталатын мақсатта, басқа тараптың атынан қарыз алушы немесе кредитор төлеген немесе алған сыйақыны қоса алғанда, ұйым (қарыз алушы) мен кредитор арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақыны ғана назарға алуы тиіс екендігі түсіндіріледі.

Ұйым бұл түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне өзгертілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты бұл түзетуді қолдануға тиіс.

Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады.

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

Бұл түзету жалға алынған негізгі құралдарға күрделі салымдарды өтеуге қатысты стандартта көрсетілген мысалды жояды.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету тек мысалға қатысты болғандықтан, күшіне ену күні көзделмеген.

41 ХҚЕС (IAS) «Ауыл шаруашылығы»

Бұл түзету салық салуға байланысты ақша қаражатының ағындары әділ құнның есептеуіне енгізілмейтінін көрсететін 41 ХҚЕС (IAS) талабын жоққа шығарады. Бұл 41 ХҚЕС (IAS) әділ құнды бағалауға қатысты талаптарды 13 «Әділ құнды бағалау» ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес келтіреді және өзара сәйкес келетін ақша ағындарын пайдалануға және дисконттау мөлшерлемесіне мүмкіндік береді, сондай-ақ қаржы есептілігін жасау кезінде әділ құнды нақты бағалау жағдайында неғұрлым орынды болу үшін салық салуға дейін немесе одан кейін ақша ағындарын пайдалануға және дисконттау мөлшерлемесіне қатысты таңдау ұсынады.

Бұл түзету перспективалы, яғни ұйым осы түзетулерді бірінші қолданған күні немесе осы күннен кейін әділ құнды бағалауға қатысты қолданылады.

Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады.

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарының бірігуі

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдардың қосылуын есепке алу мүдделерді біріктіру әдісі бойынша жүргізіледі.

Жалпы бақылаудағы тараптардың арасында берілген еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері осы қаржылық есептілікте берілу күніне беретін ұйымның (алдыңғы иесі) есептілігінде перспективті көрсетілген олардың баланстық құны бойынша көрсетіледі. Таза активтердің жалпы баланстық құны мен төленген өтемақының сомасы арасындағы айырма бұл қаржылық есептілікте акционерлердің меншікті капиталының түзетуі ретінде ескерілген.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Әділ құнды бағалау

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасындағы әдеттегі операцияның шеңберінде міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша операция:

- не бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта; немесе
- не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарықтың жоқтығын болжайды.

Қоғам негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің мүдделерінде әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе оны мұндай активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан болатын экономикалық пайданы жасау мүмкіндігін ескереді.

Қоғам мұндай бағалау әдістерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте орынды қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады. Әділ құны бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте бағаланатын немесе жеке қаржы есептілігінде ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері.
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржылық есептілікке қайталанатын негізде танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Қоғам әрбір есепті кезеңнің соңына жіктемені қайта талдай отырып (тұтас алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде), оларды иерархия деңгейлері арасында ауыстыру қажеттілігін айқындайды.

Қаржы активтері мен міндеттемелері

Бастапқы тану

Тану күні

Қаржы активтері мен міндеттемелерін стандартты талаптарда сатып алу немесе сату амалы мәміленің жасалу күніне, яғни Қоғам активті немесе міндеттемені сатып алу міндеттемесін өз мойнына алатын күнге көрсетіледі. Стандартты талаптарда сатып алу немесе сату амалына талаптары бойынша қаржы активтері мен міндеттемелерін шарт шеңберінде сатып алу немесе сату жатады, оның талаптары бойынша активтер мен міндеттемелерді нарықта қабылданған қағидаларда немесе келісімдерде белгіленген мерзімнің шегінде қою талап етіледі.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы бағалау

Қаржы құралдарын бастапқы тану кезінде жіктеу шарттық талаптардан және құралдарды басқару үшін қолданылатын бизнес-модельден тәуелді болады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланған жағдайлардан басқа, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін бағалау сапаты

Қоғам өзінің барлық қаржы активтерін активтерді басқару үшін қолданылатын бизнес-модельдің және мыналар бойынша бағаланатын активтердің шартты талаптарының негізінде жіктейді:

- амортизацияланған құны;
- өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны (БЖКӘҚ);
- пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша (ПЗӘҚ).

Қоғам туынды құралдар мен саудаға арналған құралдарды ПЗӘҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Қоғам өз қарауына қарай қаржы құралдарын ПЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады, егер мұндай жіктеу амалы бағалау немесе мойындау қағидаттарын қолданудың бірізді болмауын жоюға немесе едәуір азайтуға мүмкіндік берсе.

Қаржылық міндеттемелер, қарыздар мен қаржылық кепілдіктерді беру міндеттемелерінен басқа, амортизацияланған құны бойынша немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланды, егер олар саудаға арналған немесе туынды құралдар болса, не болмаса ұйымның қарауына қарай әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелсе.

Банктердегі қаражат, клиенттерге берілген несиелер, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар

Қоғам банктердегі қаражатты, клиенттерге берілген несиелерді және өзге қаржы инвестицияларын амортизацияланған құны бойынша бағалайды, тек егер келесі қос талап орындалатын болса ғана:

- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады;
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне (SPPI) борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Бұл талаптар барынша толық төменде қарастырылады.

Бизнес-модельді бағалау

Қоғам бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсаттарына қол жеткізу үшін топтарға біріктірілген қаржы активтері қалайша басқарылатындығын барынша жақсы көрсететін деңгейде айқындайды.

Қоғамның бизнес-модель бөлек құралдар деңгейінде емес, портфельдерді агрегациялаудың барынша жоғары деңгейінде бағаланады және мынадай бақыланатын факторларға негізделген:

- бизнес-модельдің нәтижелілігі мен бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігі қалайша бағаланатындығына және бұл ақпарат ұйымның шешуші басқарушы персоналына қалайша хабарланатындығына;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігіне) әсер ететін тәуекелдер және, атап айтқанда, бұл тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлерге қалайша ынталандырылатындығына (мысалы, сыйақы басқарылатын активтің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе);
- сатудың күтілетін жиілігі, көлемі мен мерзімдері Компанияның бизнес-модельін бағалау кезінде маңызды аспектілер болып табылады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері және міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы бағалау (жалғасы)

Бизнес-модельді бағалау (жалғасы)

Бизнес-модельдің бағалануы «ең нашар» немесе «стресстік» сценарийлерді ескерместен, пайда болуы негізделген түрде күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер ақша ағындары бастапқы мойындалғаннан кейін Қоғам үміттерінен басқа тәсілмен іске асырылса, Қоғам бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қалған қаржы активтерінің жіктелуін өзгертпейді, бірақ келешекте мұндай акпаратты жуырда құрылған немесе жуырда сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде назарға алады.

«Борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер» тестісі (SPPI testісі)

Жіктеу процесінің екінші сатысының шеңберінде Қоғам шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер (SPPI testісі) болып табылатындығын анықтау үшін қаржы активінің шартты талаптарын бағалайды.

Бұл тесттің мақсаттары үшін «негізгі борыш сомасы» бастапқы мойындау кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді, және ол бұл қаржы активі қолданылуының барлық мерзімінің бойына өзгере алады (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебінен төлемдер немесе сыйлықақының/дисконттың амортизациясы орын алса).

Несие шартының шеңберінде пайыздардың барынша едәуір элементтері әдетте ақшаның уақытша құны үшін өтемақы және несиелік тәуекел үшін өтемақы болып табылады. SPPI testісін өткізу үшін Қоғам пайымдауды қолданып, орынды факторларды, мысалға, қаржы активінің қай валютада білдірілгенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді саралайды.

Сол уақытта тәуекелдерге ұшырағыштыққа немесе шартта көзделген, базалық несиелік келісімімен байланысты емес ақша ағындарының волатильділігіне аз ғана әсер ететін шарттық талаптар, борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебіне төлемдер болып табылатын шартта көзделген ақша ағындарының пайда болуын негіздемейді. Мұндай жағдайларда қаржы активін ПЗӘҚ бойынша бағалау қажет.

Жіктеу процесінің екінші сатысының шеңберінде Қоғам шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер (SPPI testісі) болып табылатындығын анықтау үшін қаржы активінің шартты талаптарын бағалайды.

Бұл тесттің мақсаттары үшін «негізгі борыш сомасы» бастапқы мойындау кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді, және ол бұл қаржы активі қолданылуының барлық мерзімінің бойына өзгере алады (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебінен төлемдер немесе сыйлықақының/дисконттың амортизациясы орын алса).

Несие шартының шеңберінде пайыздардың барынша едәуір элементтері әдетте ақшаның уақытша құны үшін өтемақы және несиелік тәуекел үшін өтемақы болып табылады. SPPI testісін өткізу үшін Қоғам пайымдауды қолданып, орынды факторларды, мысалға, қаржы активінің қай валютада білдірілгенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді саралайды.

Сол уақытта тәуекелдерге ұшырағыштыққа немесе шартта көзделген, базалық несиелік келісімімен байланысты емес ақша ағындарының волатильділігіне аз ғана әсер ететін шарттық талаптар, борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебіне төлемдер болып табылатын шартта көзделген ақша ағындарының пайда болуын негіздемейді. Мұндай жағдайларда қаржы активін ПЗӘҚ бойынша бағалау қажет.

Несилерді беру міндеттемелері

Несилерді беру міндеттемелері шарттық міндеттемелер болып табылады, солардың талаптары бойынша міндеттеменің қолданылу мерзімінің ішінде Қоғам клиентке күні бұрын аталған талаптарда несиені беруге міндетті. Мұндай міндеттемелерге қатысты КНЗ-ны бағалау талаптарына қолданылады.

Қоғам кей кездерде несиелерді нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша беру міндеттемесін шығарады. Мұндай міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша танылады және кейіннен КНЗ бағалау резервінің сомасынан және орынды болғанда шегере отырып бастапқыда танылған сомадан, кірістің танылған жинақталған сомасынан ең көп көлемі бойынша бағаланады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктеу

Қоғам қаржы активтерін басқарудың бизнес-моделін өзгертетін ерекше жағдайлардан басқа, қаржылық активтері бастапқыда танылғаннан кейін жіктелмейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына қандай да бір шарттық міндеттемелер жүктелмеген қолма-қол қаражат және пайда болған күннен бастап тоқсан күннің ішінде өтеу мерзімі бар кредиттік мекемелердегі қаражат жатады.

Қарыз қаражаты

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Қоғамның не ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін қою, не міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінші тіркелген сомасын меншікті үлестік құралдардың тіркелген санына айырбастау арқылы өзге түрде орындау міндеттемесі болады. Мұндай құралдарға Акционер алдындағы берешек, кредиттік ұйымдардың қаражаты, шығарылған борыштық бағалы қағаздарға мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек жатады. Бастапқыда мойындалғаннан кейін қарыз қаражаты тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Пайда мен залалдар міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайда немесе залал құрамында бейнеленеді.

Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржылық актив пен қаржылық міндеттеме танылған сомаларды есепке алуға заңи тұрғыдан қорғалған құқық болғанда және есеп айырысуларды нетто-негізде жүзеге асыру не болмаса активті сатуға және міндеттемені бір мезгілде орындауға ниет болғанда, қаржылық жағдай туралы жеке есепте нетто-өлшемді ұсына отырып өзара есепке алынуға жатады. Есепке алу құқығы келешектегі оқиғаға негізделмеуі тиіс және барлық келесі жағдайларда заңи тұрғыдан қорғалуға тиіс:

- әдеттегі қызметінің барысында;
- дефолт болған жағдайда; және
- ұйым немесе қарсы агенттердің біреуі дәрменсіз немесе банкрот болған жағдайда.

Бұл шарттар, әдетте, өзара есепке алу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

Несиелерді қайта құрылымдау

Кепіл затын өндіріп алудың орнына, мүмкіндігіне қарай, Қоғам кредиттер бойынша талаптарды қайта қарастыруға тырысады, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартып, несиесі берудің жаңа талаптарын келіседі.

Қоғам қаржы активін, мысалы, клиентке берілген несиені мойындауды тоқтатады, егер шарт талаптары ол шын мәнінде жаңа несиесіге айналатындай етіп қайта қаралады, ал айырма құнсызданудан болған залал танылғанға дейін мойындауды тоқтатудан болған пайда немесе шығын ретінде танылады. Бастапқыда танылған кезде несиелер, құрылған несиесі СКҚК активі болып саналған жағдайлардан басқа, КНЗ бағалау мақсатында 1-кезеңге жатады. Клиентке берілген несиені мойындауды тоқтату қажеттілігін бағалау кезінде Қоғам, өзгесінен басқа, келесі факторларды қарастырады:

- несиесі валютасының өзгеруі;
- қарсы агенттің өзгеруі;
- құрал бұдан былай SPPI тестісінің критерийлеріне жауап бермейтіндігіне түрлендірілуі.

Егер түрлендіру амалы ақша ағындарының едәуір өзгеруіне әкеп соқтырмаса, түрлендіру мойындауды тоқтатуға әкеп соқтырмайды. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде, Қоғам түрлендіруден болған пайданы немесе залалды мойындайды, олар пайда мен залал туралы есепте өзге кірістердің құрамында білдіріледі.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Несиелерді қайта құрылымдау (жалғасы)

Мойындалудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіру амалы жасалған жағдайда, Қоғам кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуын немесе активтерді несиелік-құнсызданған ретінде жіктеу қажеттілігін қайталап бағалайды.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активі (немесе, қолданылуына қарай - қаржы активінің бір бөлігі немесе дәл сондай қаржы активтері тобының бір бөлігі), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Қоғам активтен келетін ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе алған ақша ағындарын толығымен елеулі кешіктіруге «транзиттік» келісім талаптарында үшінші тарапқа аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ
- Компания не (а) активтен түсетін бүкіл пайда мен тәуекелді түгелімен дерлік берсе, не (б) бермесе, алайда активтен түсетін пайда мен тәуекелді өзінде де сақтамайтын болса, бірақ осы активтің бақылануын берсе.

Егер Қоғам активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын оған байланысты бүкіл пайда мен тәуекелді бермей де, өзінде сақтамай да, сондай-ақ активтің бақылануын бермей де берсе, мұндай актив есепке алуда Қоғамның бұл активтегі қатысуын жалғастыратын шекте бейнеленеді. Берілген актив бойынша кепілдеме нысанындағы активке қатысуды жалғастыру Қоғамға төлемге берілуі мүмкін өтемнің ең жоғарғы мөлшері мен активтің бастапқы баланстық құны мәндерінің ең азы бойынша бағаланады.

Есептен шығару

Қаржы активтері есептен ішінара не болмаса Компания олардың құнының өтелуін бұдан былай күтпеген жағдайда бүтіндей есептен шығарылады. Егер есептен шығарылуға жататын сома жинақталған құнсыздану резервінің көлемінен көп болса, айырмасы ең алдымен резервтің ұлғаюы ретінде ескеріледі, ал содан кейін жалпы баланстық құнына қолданылады. Кез келген кейінгі қалпына келтіру амалдары несиелік залалдар бойынша шығыстарға жатқызылады. Есептен шығару мойындауды тоқтатуға жатады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттеменің мойындалуы тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге елеулі ерекшеленетін талаптарда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеме талаптарына елеулі түрлендірулер енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеменің мойындалуы тоқтатылады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе залал құрамында міндеттемелердің баланстық құнындағы айырманы мойындай отырып, есепке алуда бейнеленеді.

Салық салу

Табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, барлық уақытша айырмашылықтарына қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған пайда салығы активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмалар бойынша қаржылық есептілік мақсаттары үшін көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері салықтық базаны азайтатын осы уақытша айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда алу ықтималдылығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер күшіне енген немесе нақ есепті мерзімде күшіне енген заңнамаға сүйене отырып, міндеттемені реттеу немесе активті іске асыру кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында Қоғамның қызметіне қатысты пайдаланылатын түрлі операциялық салықтар қолданылады. Бұл салықтар басқа операциялық шығыстар құрамында көрсетіледі.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген, күнделікті қызмет көрсету шығасылары ескерілмеген нақты құны бойынша бейнеленеді. Мұндай құнға, егер олар мойындау критерийлеріне жауап берсе, орын алу фактісі бойынша танылатын құрал-жабдықты ауыстыруға байланысты шығындар кіреді.

Бұл активтің баланстық құнын өтеудің мүмкін еместігін көрсететін оқиғалар мен жағдайлардағы өзгерістер туындаған жағдайда, негізгі құралдардың баланстық құнының құнсыздануы бағаланады.

Жөндеуге және реконструкциялауға арналған шығыстар олардың жүзеге асырылуына қарай шығындарға жатқызылады және олар капиталдандыруға жататын жағдайларды қоспағанда, өзге де операциялық шығыстардың құрамына енгізіледі.

Нысанның амортизациясы ол пайдалану үшін қол жетімді болғанда ғана басталады. Амортизация активтердің пайдалы қызметінің бағалау мерзімдеріне негізделген келесі жылдық мөлшерлемелер бойынша желілік әдіспен есептеледі:

	<i><u>Амортизация нормасы</u></i>
Ғимараттар	1-5%
Машиналар мен жабдықтар	4-20%
Көлік құралдары	10-25%
Өзгесі	10-33%

Қалдық құны, пайдалы қызмет мерзімі және активтердің амортизациясын есептеу әдістемелері әрбір есепті жыл соңында сарапталады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік жылжымайтын мүлікті ұзақ мерзімге жалға беруден болатын кірістерді немесе Қоғам негізгі құралдар ретінде пайдаланбайтын мүлік құнының өсімінен болатын кірістерді алуға арналған.

Бастапқыда инвестициялық жылжымайтын мүлік, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, нақты құны бойынша бағаланады. Баланстық құнға, мойындау критерийлерін орындау шартымен мұндай шығындардың пайда болуы сәтін қолдағы инвестициялық жылжымайтын мүліктің бөліктерін ауыстыру құны кіреді және инвестициялық мүлікке күнделікті қызмет көрсету шығындары кірмейді. Инвестициялық жылжымайтын мүлік кейіннен, жинақталған амортизацияны шегере отырып, өзіндік құны бойынша бағаланады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік 50 жылды құрайтын пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде желілік негізде амортизацияланады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің қаржылық есептілік туралы есепте мойындалуын тоқтату ол шыққан кезде не болмаса келешекте экономикалық пайда алу күтілмесе, жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің шығуынан болған кез келген кірістер мен залалдар мойындалуы тоқтаған жылы пайданың немесе зиянның құрамында танылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктен инвестициялық жылжымайтын мүлікке аударымдар тек пайдалануда өзгерістер болғанда ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісіне аудару кезінде баланстық құнның өзгеруі болмайды, өйткені Қоғам инвестициялық жылжымайтын мүлік үшін, сол сияқты меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік үшін, қоса санат үшін өзіндік құны бойынша есепке алу үлгісін пайдаланады.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтерге бағдарламалық қамсыздандыру мен лицензиялар кіреді.

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген нақты құны бойынша көрсетіледі. Шектелген пайдалы қызмет ету мерзімі бар материалдық емес активтер 1 жылдан 10 жылға дейінгі пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады, мүмкін құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне сарапталады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Сатуға арналған активтер

Қоғам ұзақ мерзімді активтерді, егер олардың ағымдағы құнын көбінесе өтеу пайдалану барысында емес, мәмілені іске асыру барысында жоспарланса, сатуға арналған деп жіктеп отыр. Бұл үшін айналымнан тыс активтер мұндай активтерді сатудың әдеттегі, үлгі шарттары болып табылатын шарттарда оларды қазіргі күйінде дереу сату үшін қол жетімді болуы тиіс, бұл ретте олардың сатылуы жоғары ықтималдылық деңгейімен сипатталуы тиіс.

Сатудың жоғары ықтималдығы Қоғам басшылығының ұзақ мерзімді активті іске асырудың жоспарын қатаң орындау ниетін болжайды. Бұл ретте сатып алушыны іздестіру және осындай жоспарды орындау бойынша белсенді іс-қимылдар жоспары басталуы қажет. Бұдан басқа, айналымнан тыс актив оның ағымдағы әділ құнын ескере отырып негізделген юолып табылатын баға бойынша өткізілуге белсенді түрде ұсынылуға тиіс. Сонымен бірге сатылымды аяқталған мәміле ретінде сатуды көрсету сатуға арналған ретінде айналымнан тыс активтер жіктелген күнінен бастап бір жылдың ішінде күтілуі тиіс.

Қоғам сатуға арналған деп жіктелетін активтерді ағымдағы құнның ең азы мәні және сату шығыстарын шегере отырып әділ құны бойынша бағалайды. Активтердің ағымдағы құнының ықтимал құнсыздану оқиғалары немесе соған көрсететін жағдайлардың өзгеруі басталған жағдайда, Қоғам сату шығыстарын шегере отырып, олардың құнын әділ құнына дейін бастапқы, сондай-ақ кейінгі есептен шығару кезінде құнсызданудан болған шығынды көрсетеді.

Алынған кепілді қамсыздандыру

Алынған кепілді қамсыздандыру қарыздар бойынша берешекті өтеу есебінен Қоғам қарыз алушыларынан ерікті немесе мәжбүрлі негізде алынған кепіл мүлікті білдіреді. Кепілге қойылған мүлікті Қоғамның балансына қабылдау жөніндегі шешімді Несие Комитеті, содан кейін Қоғам Басқармасы қабылдайды. Барлық рәсімдер жасалғаннан кейін мүліктің Қоғам балансында тануы оның ағымдағы бағалау құны бойынша жүзеге асырылады. Осы активтер қаржылық жағдай туралы есепте сатуға арналған активтер құрамында ескеріледі.

Акционерлік капитал

Жарғылық капитал

Жарғылық капиталға жарналар шығаруға арналған тікелей шығындарды шегере отырып, тарихи құны бойынша танылады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі меншікті капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Шартты бөлу резерві

Қоғам өз Акционерінің атынан қарыз алушылармен нарықтық мөлшерлемелен төмен мөлшерлемелер бойынша кредиттік келісім жасағанда, бастапқы тану кейінгі несиенің номиналды құны мен әділ құны арасындағы айырма Акционерге болжамды бөлу шартты бөлу бойынша резерв ретінде ескеріледі.

Қосымша төленген капитал

Қоғам өз Акционерінен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік және бюджеттік ұйымдарынан нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша қарыздар немесе басқа да қаржылық көмекті алғанда, алынған ақшалай өтемақы мен қарыздардың немесе бастапқы тану күніне басқа да қаржылық көмектің әділ құны арасындағы айырма Қосымша төленген капитал ретінде ескеріледі.

Бағалау міндеттемелері

Қоғамның өткеніндегі белгілі бір оқиғаның салдарынан реттелуі ықтималдылықтың үлкен дәрежесіндегі болашақ экономикалық пайданы қамтитын реурстар шығысын талап ететін және сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағалауға болатын заңды немесе ерікті түрде қабылданған міндеттемелері болса, бағалау міндеттемелері танылады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**Шартты міндеттемелер**

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілмейді, бұл ретте оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Егер Қоғамның экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса және Түсімнің сенімді бағалануы мүмкін болса, түсім танылады. Қаржылық есептілікте түсімді тану үшін келесі мынадай критерийлер орындалуы керек:

Пайыздық және соған ұқсас түсім мен шығыстар

Қоғам кредиттік-құнсызданған қаржы активтерінен басқа, қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, амортизацияланған құны бойынша немесе БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша пайыздық кірісті есептейді (2019 жылғы 1 қаңтарға дейін: қаржы активтерінің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып). Тиімді пайыздық мөлшерлеме-бұл дисконттау кезінде болашақ есептік ақшалай төлемдер немесе түсімдер қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде немесе ол қолданылатын жерде неғұрлым қысқа уақыт кезеңі ішінде қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәл келтірілетін мөлшерлеме. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралға тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ келешек несиелік залалдар ескерілмейді. Қоғам төлемдердің немесе түсімдердің бағаларын қайта қарастырған жағдайда, қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны түзетіледі.

Несиелік-құнсызданғанға айналатын қаржы активі болған жағдайда Қоғам пайыздық мөлшерлемені бұл қаржы активінің таза амортизацияланған құнына қолдана отырып пайыздық түсімді есептейді. Егер қаржы активі бойынша дефолт жойылатын болса және ол бұдан былай несиелік-құнсызданған болып табылмаса, Қоғам жалпы құнның негізінде пайыздық түсімнің есептелуіне оралады.

Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СКНҚ) қаржы активтері жағдайында қоғам кредиттік тәуекелді ескере отырып, қаржы активінің амортизацияланған құнына түзетілген тиімді пайыздық ставканы қолдана отырып, пайыздық түсімді есептейді. Кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл бастапқы тану кезінде активтердің СКНҚ амортизацияланған құнына дейінгі есептік болашақ ақша ағындарын (кредиттік залалдарды қоса алғанда) дисконттайтын мөлшерлеме.

Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік Қоғамның қызметтік валютасы мен есептік беру валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен берілді. Шетел валюталарындағы операциялар алдымен операция мерзімінде әрекет ететін айырбастау бағамы бойынша қызметтік валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын пайда мен залалдар пайда немесе зиян туралы есепте «Шетел валютасындағы операциялардан болған таза залалдар» бабы бойынша бейнеленеді. Шетел валютасында тарихи құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операцияны жасау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбастау бағамы мен мұндай операция мерзіміндегі Қазақстан Қор Биржасының (бұдан әрі мәтін бойынша - «ҚҚБ») ресми бағамы арасындағы айырма бағамдық айырма шығыстары шегеріле отырып кірістер құрамына енгізіледі. Төменде Қоғам қаржылық есептілікті жасау кезінде пайдаланған айырбас бағамдары келтірілген:

	<i>2020 жыл</i>	<i>2019 жыл</i>
Теңге/АҚШ доллары	420,71	381,18
Теңге/еуро	516,13	426,85
Теңге/Ресей рублі	5,65	6,17

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Сегменттік есептілік

Қоғамның бизнесі және географиялық сегменттері осы қаржылық есептілікте жеке көрсетілмеген, өйткені Қоғамның басшылығы несиелерді берудің басты операциялық сегменті Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық ұйымдары болып табылады деп есептеледі, әрі солар бойынша тәуекелдер мен қайтару дәрежесі бүкіл ел бойынша ұқсас болып саналады. Қоғам ресурстарын бөлу туралы шешімдер қабылдау және операциялық шешімдерді қабылдайтын Қоғам басшылығының оның қызметінің нәтижелерін бағалау ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған қаржылық есептілікке негізделеді.

4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар

Бағалау мен пайымдаудың белгісіздігі

Қоғам басшылығы есепке алу саясатын қолдану барысында есептік бағалаулармен қатар қаржылық есептілікте көрсетілген сомаға неғұрлым маңызды әсер ететін мынадай пайымдаулар мен бағалаулар жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауды қолданудың барынша елеулі жағдайлары келтірілген:

Қаржы құралдарының әділ құны

Егер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде айқындау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерді қамтитын әртүрлі бағалау модельдерін пайдалана отырып айқындалады. Мұндай модельдер үшін бастапқы деректер, егер мұндай мүмкін болса, байқалатын нарық негізінде айқындалады; олай болмаған жағдайда, әділ құнды айқындау үшін пайымдауды қолдану қажет.

Қаржы активтері бойынша күтілетін несиесі залалдары

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай қаржы активтерінің барлық санаттары бойынша залалдарды бағалау пайымдауды қолдануды қажет етеді, атап айтқанда, КНЗ айқындау және кредит тәуекелінің едәуір ұлғаюын бағалау кезінде келешек ақша ағындарының көлемі мен пайда болу мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есептік бағалаулар бірқатар факторларға байланысты болады, солардағы өзгерістер құнсыздандудың бағалау резервтерінің түрлі сомаларына әкеп соқтыра алады. Компанияның КНЗ есептеулері ауыспалы бастапқы деректер мен олардың өзара тәуелділіктерін таңдауға қатысты бірқатар базалық жорамалдар кіретін күрделі модельдердің нәтижесі болып табылады. Пайымдаулар мен есептік бағалаулар болып есептелетін КНЗ есептеу модельдерінің элементтеріне келесілер жатады:

- Қоғам кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы болғанын бағалау үшін пайдаланатын критерийлер, соның нәтижесінде қаржы активтері бойынша КНЗ резерві бүкіл мерзім үшін КНЗ-ға тең болатын сомада бағалануы тиіс және сапалы бағалау;
- КНЗ-ны есептеу модельдерін әзірлеу, оған қоса түрлі формулалар және бастапқы деректерді таңдау;
- КНЗ-ны есептеу модельдерін әзірлеу, оған қоса түрлі формулалар мен бастапқы деректерді таңдау;
- макроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер, мысалға, жұмыссыздық деңгейі мен қамтамасыз ету құны, арасындағы өзара байланыстарды айқындау, сондай-ақ дефолт ықтималдылығының (PD) көрсеткіштеріне, дефолт тәуекеліне ұшырайтын көлемге (EAD) және дефолт кезінде шығындар деңгейіне (LGD) әсері;
- болжамды макроэкономикалық сценарийлерді талдау және КНЗ бағалау модельдері үшін экономикалық бастапқы деректерді алу үшін ықтималдылықты ескере отырып таразылау.

Кепілмен қамсыздандыруын бағалау

Қоғам басшылығы нарықтағы ағымдағы жағдайды ескере отырып кепілмен қамтамасыз етудің құнын түзету үшін тәжірибеге негізделген пайымдауды немесе тәуелсіз бағалауды пайдалана отырып, тұрақты негізде кепілмен қамтамасыз етуге мониторингті жүзеге асырады.

(мың теңгемен)

4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар (жалғасы)**Бағалау мен пайымдаудың белгісіздігі (жалғасы)***Салық салу*

Қазіргі уақытта Қазақстанда негізгі салық мәселелерін реттейтін бірыңғай Салық кодексі қолданылады. Қолданыстағы салықтарға қосылған құн салығы, корпоративтік табыс салығы, әлеуметтік және басқа да салықтар кіреді. Көп жағдайларда нормативтік-құқықтық актілерді қолдану бойынша атқарушылық өкімдер түсініксіз болып табылады немесе олар тіптен жоқ және үлгі боларлық жағдайлардың шамалысы ғана анықталды. Ведомстволар арасында да, бір ведомствоның ішінде ережелерді құқықтық түсіндіруге қатысты әртүрлі пікірлер бар, бұл кейбір белгісіздік пен жанжал жағдайларын тудырады. Салық декларациялары, сондай-ақ заңды реттеудің өзге салалары (мысалы, кедендік және валюталық бақылау мәселелері) заң бойынша елеулі айыппұлдарды, өсімпұлды және тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы бірнеше ведомстволардың бақылауында болады. Мұндай жағдай, мысалы, салық заңнама жүйелері неғұрлым дамыған басқа елдерге қарағанда Қазақстанда салық тәуекелдер ықтималдылығының үлкен дәрежесін қалыптастырады.

Басшылық Қоғам оның қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының салық заңнамасының ережелерін ұстанады деп есептейді. Дегенмен, тиісті органдар даулы салық мәселелеріне қатысты өзге ұстанымды ұстанады деген тәуекел бар.

5. Бизнестерді біріктіру

Жалғыз Акционер Басқармасының 2019 жылғы 18 қазандағы № 47 шешімімен Қоғам 2019 жылғы 5 желтоқсанда оған ҚАӨ-нің қосылуы арқылы ерікті қайта ұйымдастыруды жүзеге асырды. ҚАӨ-нің мүлкі, құқықтары мен міндеттері Қоғамға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып беру актісі бекітілген күннен бастап ерікті қайта ұйымдастырылу шеңберінде өтті.

Қайта ұйымдастырудың нәтижесінде Қоғам ҚАӨ-нің барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты ҚАӨ-нің барлық міндеттемелері мен мүліктік құқықтары бойынша, оның ішінде тараптар (ҚАӨ және/немесе үшінші тұлғалар) даулайтын міндеттемелер мен мүліктік құқықтар бойынша оның құқықтық мирасқорына айналды.

Қосылу күніне дейін, 2019 жылғы 5 желтоқсанда, ҚазАгро ҚАӨ акцияларының 100%-на иелік етті. ҚАӨ-нің қосылуы жалпы бақылаудағы бизнестерді біріктіру операциясы болып табылғандықтан, Қоғам мүдделерді біріктіру бойынша есепке алу әдісін тарихи қайта есептеусіз қолданды.

ҚАӨ акцияларын сату бағасы және Қоғамның акцияларын откізу (орналастыру) бағасы утірден кейін алты белгі дәлдігімен, атап айтқанда ҚАӨ-нің немесе Қоғамның меншікті капиталының ҚАӨ-нің немесе Қоғамның тиісінше орналастырылған акцияларының санына (ҚАӨ немесе Қоғам тиісінше сатып алған акцияларды қоспағанда) ара қатынасы ретінде айқындалған. Қоғам жай акцияларды Жалғыз Акционерге ҚАӨ-нің жай акцияларына айырбас ретінде 9.179.163 мың теңге сомаға 966,77 теңге бағасы бойынша 9.494.625 дана көлемінде орналастырды.

Сатып алынған сәйкестендірілетін активтер мен міндеттемелердің баланстық құны былайша болды:

	<i>2019 жылғы 5 желтоқсанға</i>
Активтер	
Берілген қарыздар	1.999.509
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек (10-ескертпе)	1.943.447
Дебиторлық берешек ((4-ескертпө)	1.338.595
Сатуға арналған активтер	1.314.229
Қорлар	808.427
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	600.000
Клиенттерге берілген несиелер (8-ескертпе)	318.153
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	75.398
Өзге салықтар бойынша алдын ала төлем	176.015
Инвестициялық жылжымайтын мүлік (11-ескертпе)	176.523
Негізгі құралдар (12-ескертпе)	19.278
Өзге	47
Активтердің барлығы	8.769.621
Міндеттемелер	
Өнім жеткізушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	8.989
Алынған қысқа мерзімді аванстар	19.452
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны	28.441
Міндеттемелердің барлығы	28.441

(мың теңгемен)

5. Бизнестерді біріктіру (жалғасы)

2019 жылғы 6 желтоқсандағы операциялық күннің соңында ҚАӨ ағымдағы банктік шотындағы 437.983 мың теңге сомдағы ақша қаражаты мен оның баламалары Қоғамның ағымдағы банктік шотына аударылды.

Алынған сәйкестендірілетін қаржы активтері бойынша КНЗ резерві мыналарды құрады:

	<u>2019 жылғы 5 желтоқсанға</u>
Клиенттерге берілген кредиттер (8-ескертпе)	(319.967)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек (10-ескертпе)	(1.761.598)
Дебиторлық берешек (14-ескертпе)	<u>(6.942.650)</u>
	<u>(9.024.215)</u>

6. Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына келесі позициялар кіреді:

	<u>2020 жылғы 31 желтоқсан</u>	<u>2019 жылғы 31 желтоқсан</u>
Банктің ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты	48.744.862	48.581.865
Қолма-қол ақша қаражаты	15	1
	<u>48.744.877</u>	<u>48.581.866</u>
КНЗ резервін шегере отырып	(635)	(3.736)
Ақша қаражаты және оның баламалары	<u>48.744.242</u>	<u>48.578.130</u>

Ақша баламаларының барлық қалдықтары КНЗ бағалау мақсатында 1-кезеңге жатқызылған. 2020 жылғы КНЗ резервінің өзгерістерін талдау төменде көрсетілген:

	<u>2020 жыл</u>	<u>2019 жыл</u>
1 қаңтарға КНЗ резерві	3.736	6.867
Кезеңде КНЗ-ның өзгеруі	(3.101)	(3.131)
31 желтоқсанға КНЗ резерві	<u>635</u>	<u>3.736</u>

Ақша қаражаты мен оның баламаларының шоғырлануы

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы шоттарда орналастырылған ақша қаражатына «Еуразиялық Даму Банкі» АҚ-да орналастырылған 29.477.509 мың теңге сомасындағы қаражат немесе ақша қаражаты мен оның баламаларының жалпы сомасының 60%-ы кіреді. (2019 жылғы 31 желтоқсанына: 26.744.778 мың теңге немесе "Ситибанк Қазақстан" АҚ-да орналастырылған ақша қаражаты мен олардың баламаларының жалпы сомасының 55%-ы).

7. Банктердегі қаражат

Банктердегі қаражат келесі позицияларды қамтиды:

	<u>2020 жылғы 31 желтоқсан</u>	<u>2019 жылғы 31 желтоқсан</u>
Екінші деңгейдегі банктерге берілген қарыздар	14.968.114	34.102.894
90 күннен артық мерзімге орналастырылған мерзімді депозиттер	-	11.102.767
	<u>14.968.114</u>	<u>45.205.661</u>
КНЗ резервін шегере отырып	(26.436)	(142.178)
Банктердегі қаражат	<u>14.941.678</u>	<u>45.063.483</u>

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердегі қаражат агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін несиелендіруге «Bank RBK» Банкі» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Сбербанк России» АҚ ЕБ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ 2028 жылға дейін өтеу мерзіміне және жылдық 2,8% бастап 12,5% дейін берген (2019 жылғы 31 желтоқсанда: жылдық 2,8% бастап 12,5% дейін және өтеу мерзімі 2028 жылға дейін) сыйақы мөлшерлемесімен теңгемен берген қарыздар кіреді.

(мың теңгемен)

7. Банктердегі қаражат (жалғасы)**Банктердегі қаражаттың шоғырлануы**

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктерге берілген қарыздар 12.895.999 мың теңге сомасындағы қаражатты немесе «Сбербанк России» АҚ ЕБ (53%) және «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ (33%) берген банктердегі қаражаттың жалпы сомасының 86%-ын қамтыды (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 26.104.181 мың теңге немесе екінші деңгейдегі банктерге берілген қарыздардың жалпы сомасының 76%-ы - «Сбербанк России» АҚ ЕБ (66%) және «Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ (11%).

Төмендегі кестеде 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жалпы баланстық құнның және КНЗ резервінің өзгерістеріне талдау берілген:

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиыны</i>
2020 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	45.205.661	–	–	45.205.661
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	31.408.773	–	–	31.408.773
Өтелген активтер	(61.721.517)	–	–	(61.721.517)
1-кезеңге аудару	–	–	–	–
2-кезеңге аудару	–	–	–	–
3-кезеңге аудару	–	–	–	–
Есептелген пайыздардағы өзгерістер	75.197	–	–	75.197
2020 жылғы 31 желтоқсанға	14.968.114	–	–	14.968.114

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиыны</i>
2020 жылғы 1 қаңтарға КНЗ резерві	142.178	–	–	142.178
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	(146.934)	–	–	(146.934)
Өтелген активтер	75.474	–	–	75.474
1-кезеңге аудару	–	–	–	–
2-кезеңге аудару	–	–	–	–
3-кезеңге аудару	–	–	–	–
Бір кезеңнен басқасына аудару және бастапқы деректерді өзгерту нәтижесінде бір жылғы КНЗ-дағы өзгерістер	(44.282)	–	–	(44.282)
2020 жылғы 31 желтоқсанға	26.436	–	–	26.436

Төменде 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға кредиттік ұйымдардағы қаражаттың құнсыздануына арналған бағалау резервіндегі өзгерістер көрсетілген:

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиыны</i>
2019 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	29.938.561	–	8.213.007	38.151.568
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	57.473.100	–	–	57.473.100
Өтелген активтер	(49.737.484)	–	(588.853)	(50.326.337)
1-кезеңге аудару	7.624.154	–	(7.624.154)	–
2-кезеңге аудару	–	–	–	–
3-кезеңге аудару	–	–	–	–
Есептелген пайыздардағы өзгерістер	(92.670)	–	–	(92.670)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	45.205.661	–	–	45.205.661

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Жиыны</i>
2020 жылғы 1 қаңтарға КНЗ резерві	251.551	–	5.084.180	5.335.731
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	253.138	–	–	253.138
Өтелген активтер	(232.206)	–	(364.523)	(596.729)
1-кезеңге аудару	4.876.530	–	(4.876.530)	–
2-кезеңге аудару	–	–	–	–
3-кезеңге аудару	–	–	–	–
Бір кезеңнен басқасына аудару және бастапқы деректерді өзгерту нәтижесінде бір жылғы КНЗ-дағы өзгерістер	(5.006.835)	–	–	(5.006.835)
Дисконт амортизациясы	–	–	156.873	156.873
2019 жылғы 31 желтоқсанға	142.178	–	–	142.178

(мың теңгемен)

7. Банктердегі қаражат (жалғасы)

2020 жыл ішінде Акционерден алынған қаражат есебінен нарықтық бағадан төмен мөлшерлеме бойынша екінші деңгейдегі банктерге берілген қарыздардың әділ құны бойынша бастапқы тану нәтижесінде туындаған 467.362 мың теңге (2019 жылы: 3.626.717 мың теңге) мөлшеріндегі залал шартты бөлу резервінің ұлғаюы ретінде капиталдың құрамында танылды (21-ескертпе).

8. Клиенттерге берілген несиелер

Клиенттерге берілген несиелер өз қызметін аграрлық секторда жүзеге асыратын қарыз алушыларға берілген несиелермен білдірілген және мынадай позицияларды қамтиды:

	<i>2020 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2019 жылғы 31 желтоқсан</i>
Заңды тұлғаларға берілген несиелер	439.584.962	365.530.528
Жеке тұлғаларға берілген несиелер	75.017.020	51.628.720
	514.601.982	417.159.248
КНЗ резервін шегере отырып	(65.375.029)	(55.375.561)
Клиенттерге берілген несиелер	449.226.953	361.783.687

Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резерві

Төменде жалпы баланстық құнның өзгерістерін және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін заңды тұлғаларға берілген несиелер бойынша КНЗ резервінің талдауы берілген:

<i>Заңды тұлғаларға берілген несиелер</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚНҚ</i>	<i>Жиыны</i>
2020 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	187.870.047	8.421.103	166.459.436	2.779.942	365.530.528
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	145.350.982	2.345.572	59.007.313	–	206.703.867
Өтелген активтер	(88.973.491)	(2.111.641)	(49.310.095)	(416.634)	(140.811.861)
1-кезеңге аудару	30.569.139	(9.053.613)	(21.515.526)	–	–
2-кезеңге аудару	(22.479.036)	24.107.858	(1.628.822)	–	–
3-кезеңге аудару	(45.066.420)	(16.973.288)	62.039.708	–	–
Танудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіруге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	11.470	–	(438.063)	–	(426.593)
Есептелген пайыздардағы өзгерістер	2.150.209	21.119	7.494.084	263.275	9.928.687
Есептен шығарылған сомалар	–	–	(1.339.666)	–	(1.339.666)
2020 жылғы 31 желтоқсанға	209.432.900	6.757.110	220.768.369	2.626.583	439.584.962

(мың теңгемен)

8. Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)

<i>Заңды тұлғаларға берілген несиелер</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СКНҚ</i>	<i>Жиыны</i>
2020 жылғы 1 қаңтарға КНЗ резерві	2.961.980	36.716	48.443.214	746.145	52.188.055
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	(1.428.519)	–	(5.585.755)	–	(7.014.274)
Өтелген активтер	105.214	3.938	4.046.845	–	4.155.997
1-кезеңге аудару	2.333.858	(20.750)	(2.313.108)	–	–
2-кезеңге аудару	(131.421)	135.783	(4.362)	–	–
3-кезеңге аудару	(1.019.681)	(687.669)	1.707.350	–	–
Бір кезеңнен басқасына аудару және бастапқы деректерді өзгерту нәтижесінде бір жылғы КНЗ-дағы өзгерістер	13.004	536.807	4.744.210	329.459	5.623.480
Танудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіруге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	1.504	–	(57.430)	–	(55.926)
Дисконт амортизациясы	–	–	6.212.634	–	6.212.634
Есептен шығарылған сомалар	–	–	(1.339.666)	–	(1.339.666)
2020 жылғы 31 желтоқсанға	2.835.939	4.825	55.853.932	1.075.604	59.770.300

(мың теңгемен)

8. Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)**Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резерві (жалғасы)**

Төменде жалпы баланстық құнның өзгерістерін және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жеке тұлғаларға берілген несиелер бойынша КНЗ резервінің талдауы берілген:

<i>Жеке тұлғаларға берілген кредиттер</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚНҚ</i>	<i>Жиыны</i>
2020 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	39.720.392	952.039	10.146.124	810.165	51.628.720
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	33.578.972	–	204.261	–	33.783.233
Өтелген активтер	(9.318.828)	(294.172)	(3.133.131)	(108.115)	(12.854.246)
1-кезеңге аудару	6.635.265	(2.414.517)	(4.220.748)	–	–
2-кезеңге аудару	(9.392.127)	9.720.589	(328.462)	–	–
3-кезеңге аудару	(5.836.763)	(6.015.064)	11.851.827	–	–
Танудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіруге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	(14.943)	–	(119.061)	19.423	(114.581)
Есептелген пайыздардағы өзгерістер	1.862.083	132.794	620.392	63.856	2.679.125
Есептен шығарылған сомалар	–	–	(105.231)	–	(105.231)
2020 жылғы 31 желтоқсанға	57.234.051	2.081.669	14.915.971	785.329	75.017.020

<i>Жеке тұлғаларға берілген кредиттер</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚНҚ</i>	<i>Жиыны</i>
2020 жылғы 1 қаңтарға КНЗ резерві	464.645	23.237	2.446.857	252.767	3.187.506
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	(479.970)	–	(15.722)	–	(495.692)
Өтелген активтер	13.307	8.746	205.533	–	227.586
1-кезеңге аудару	443.247	(47.146)	(396.101)	–	–
2-кезеңге аудару	(175.555)	291.104	(115.549)	–	–
3-кезеңге аудару	(120.981)	(423.770)	544.751	–	–
Бір кезеңнен басқасына аудару және бастапқы деректерді өзгерту нәтижесінде бір жылғы КНЗ-дағы өзгерістер	290.414	370.316	1.905.794	(168.336)	2.398.188
Танудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіруге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	(1.112)	–	(8.858)	1.445	(8.525)
Дисконт амортизациясы	–	–	400.897	–	400.897
Есептен шығарылған сомалар	–	–	(105.231)	–	(105.231)
2020 жылғы 31 желтоқсанға	433.995	222.487	4.862.371	85.876	5.604.729

(мың теңгемен)

8. Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)**Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резерві (жалғасы)**

Төменде жалпы баланстық құнның өзгерістерін және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін заңды тұлғаларға берілген несиелер бойынша КНЗ резервінің талдауы берілген:

<i>Заңды тұлғаларға берілген несиелер</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚНҚ</i>	<i>Жиыны</i>
2019 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	149.850.968	475.311	112.369.675	1.801.045	264.496.999
ҚАӨ-ге қосылу (5-ескертпе)	–	–	544.789	–	544.789
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	172.298.456	–	46.501.761	1.036.767	219.836.984
Өтелген активтер	(83.835.425)	(1.543.276)	(40.671.500)	(338.445)	(126.388.646)
1-кезеңге аудару	47.555.638	(15.008.238)	(32.547.400)	–	–
2-кезеңге аудару	(31.837.399)	36.485.778	(4.648.379)	–	–
3-кезеңге аудару	(69.103.092)	(12.072.827)	81.175.919	–	–
Танудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіруге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	–	–	(302.812)	–	(302.812)
Есептелген пайыздардағы өзгерістер	2.940.901	84.355	5.875.608	280.575	9.181.439
Есептен шығарылған сомалар	–	–	(1.838.225)	–	(1.838.225)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	187.870.047	8.421.103	166.459.436	2.779.942	365.530.528

<i>Заңды тұлғаларға берілген несиелер</i>	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚНҚ</i>	<i>Жиыны</i>
2019 жылғы 1 қаңтарға КНЗ резерві	2.156.348	–	36.071.917	14.755	38.243.020
ҚАӨ-ге қосылу (5-ескертпе)	–	–	272.406	–	272.406
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	2.908.740	–	5.431.093	–	8.339.833
Өтелген активтер	(1.327.276)	(68)	(4.766.827)	–	(6.094.171)
1-кезеңге аудару	10.287.782	(544.548)	(9.743.234)	–	–
2-кезеңге аудару	(133.445)	1.437.702	(1.304.257)	–	–
3-кезеңге аудару	(1.101.098)	(512.560)	1.613.658	–	–
Бір кезеңнен басқасына аудару және бастапқы деректерді өзгерту нәтижесінде бір жылғы КНЗ-дағы өзгерістер	(9.829.071)	(343.810)	17.919.378	731.390	8.477.887
Танудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіруге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	–	–	(16.097)	–	(16.097)
Дисконт амортизациясы	–	–	4.803.402	–	4.803.402
Есептен шығарылған сомалар	–	–	(1.838.225)	–	(1.838.225)
2020 жылғы 31 желтоқсанға	2.961.980	36.716	48.443.214	746.145	52.188.055

(мың теңгемен)

8. Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)**Клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резерві (жалғасы)**

Төменде жалпы баланстық құнның өзгерістерін және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жеке тұлғаларға берілген несиелер бойынша КНЗ резервінің талдауы берілген:

Жеке тұлғаларға берілген кредиттер

	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚНҚ</i>	<i>Жиыны</i>
2019 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	31.205.435	603.265	8.533.802	–	40.342.502
ҚАӨ-ге қосылу (5-ескертпе)	30.292	–	63.039	–	93.331
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	22.067.179	–	–	789.701	22.856.880
Тәуекел-менеджмент департаменті тәуелсіз бақылау процесін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқаруға байланысты рәсімдерді енгізуге және жүргізуге, сондай-ақ қоғамның тәуекелдерді басқару қағидаттары, саясаты мен тәуекел лимиттерінің сақталуын бақылауға жауап береді. Тәуекелдерді басқару департаментінің құрамына екі құрылымдық бөлімше кіреді: қаржылық тәуекелдер бөлімі және несиелік тәуекелдер бөлімі.

Қазынашылық департаменті

Қоғамның Қазынашылық департаменті қоғамның активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ жалпы қаржылық құрылымды басқаруға жауап береді. Қазынашылық департаменті өтімділік тәуекелі мен қоғамның қаржыландыру тәуекелі үшін де жауапты.

Ішкі аудит қызметі

Қоғамда өтетін тәуекелдерді басқару процестерін жыл сайын ішкі аудит қызметі тексереді, ол рәсімдердің жеткіліктілігін де, сондай-ақ қоғамның осы рәсімдерді орындауын да тексереді. Ішкі аудит қызметі басшылықпен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін талқылайды және өз тұжырымдары мен ұсынымдарын қоғамның басқармасына және директорлар Кеңесіне ұсынады.

Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпарат беру жүйелері

Қоғамның тәуекелдері әдеттегі қызмет барысында туындауы мүмкін күтілетін шығынды да, статистикалық модельдер негізінде ең үлкен нақты шығындарды бағалауды білдіретін күтпеген шығындарды да көрсететін әдіс арқылы бағаланады.

Тәуекелдерді мониторингтеу және бақылау, ең алдымен, ҚазАгро Холдингінің қоғам үшін белгілеген лимиттеріне негізделеді. Мұндай шектеулер қызмет стратегиясын және қоғам жұмыс істейтін нарықтық жағдайларды көрсетеді.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді сараптау, бақылау және ерте бастан анықтау мақсатында зерттеледі және өңделеді. Көрсетілген ақпарат Басқармаға, Тәуекелдер комитетіне және Қоғамның әрбір бөлімшесінің басшыларына түсініктемелермен бірге ұсынылады. Есепте несиелік тәуекелдің жиынтық мөлшері, болжамды несиелік көрсеткіштер, белгіленген тәуекел шектерінің шектеулері, өтімділік көрсеткіштері және тәуекел деңгейіндегі өзгерістер туралы ақпарат бар. Ай сайын салалар, клиенттер мен географиялық аймақтар бөлігінде тәуекелдер туралы ақпаратты ұсынады. Тоқсан сайын Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдер туралы толық есепті алады. әрі онда Қоғамның тәуекелдерін бағалау және тиісті шешімдерді қабылдау үшін барлық қажетті ақпарат бар.

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Кіріспе (жалғасы)***Тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануы*

Тәуекелдің аса шоғырлануын болдырмас үшін Қоғамның саясаты мен процедураларына әртараптандырылған қоржынды қолдауға бағытталған арнайы қағидаттар кіреді. Шоғырланумен белгіленген тәуекел басқарылады.

Кредиттік тәуекел

Несиелік тәуекел - Қоғам клиенттерінің немесе қарсы агенттерінің шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан шығынға ұшырау тәуекелі. Қоғам несиелік тәуекелді жекелеген қарсы агенттер, тәуекелдің географиялық немесе салалық шоғырлануы бойынша Қоғам қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ тәуекелдің белгіленген шектерінің сақталуына мониторинг жүргізу көмегімен басқарады. Осылайша, бір немесе өзара үлестес компаниялар тобында кредиттік тәуекелдің шоғырлануын болдырмау үшін қоғамның меншікті капиталының 25,00% аспайтын мөлшерде лимит белгіленген. Банкаралық операциялар бойынша контрагент банктерге арналған лимиттерді акционер белгілейді.

Қоғам контрагенттердің кредиттік қабілеттілігіндегі ықтимал өзгерістерді, оның ішінде қоғамның жекелеген бөлімшелері жүзеге асыратын қамтамасыз ету мөлшерін мерзімді қайта қарауды ерте анықтауды қамтамасыз ету үшін кредиттік сапаны тексеру рәсімін әзірледі. Несиелік сапаны тексеру процедурасы қоғамға тәуекелдерге байланысты ықтимал шығындардың мөлшерін бағалауға және қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Өзара есептесу туралы бас келісімдерді және қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдаланудың салдарынан тәуекелдің азаюының ықпалын ескерместен қаржылық жағдай туралы есеп баптарының баланстық құны мұндай баптар бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшерін барынша дәл етіп көрсетеді.

Қаржы құралдарының әрбір сыныбы бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері туралы неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат жекелеген ескертпелерде берілген. Қамтамасыз етудің және тәуекелді төмендетудің өзге де әдістерінің әсері 8-ескертпеде келтірілген.

Құнсыздануды бағалау

Қоғам КНЗ-ны тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталатын ақша қаражатын жеткіліксіз алуын бағалау үшін ықтималдылықты ескере отырып алынған бірнеше сценарийдің негізінде есептейді. Ақша қаражатын жеткілікті алмау - ұйымға шарттарға сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен ұйым алынуын күтіп отырған ақша ағындары арасындағы айырма. КНЗ-ны есептеу механикасы төменде сипатталған, ал негізгі элементтері мыналар болып табылады:

Дефолт ықтималдылығы (PD) *Дефолт ықтималдылығы* белгіленген уақыт аралығының бойына дефолттың орын алу ықтималдылығының есепті бағалауын білдіреді. Дефолт қарастырылатын кезең ішінде белгілі бір уақыт сәтінде ғана орын алуы мүмкін, егер активтің мойындалуы тоқтамаса және ол бұрынғысынша портфельдің бір бөлігі болып табылса.

Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем (EAD) *Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем* шартта немесе өзгеше көзделген негізгі борыш сомасы мен пайыздардың төленуін, төлем жасау мерзімдерінің өтуі нәтижесінде есептелген берілген несиелер мен пайыздардың өтелуін қоса алғанда, бұл көлемнің есепті күннен кейінгі күтілетін өзгерістерін ескере отырып, келешекте қандай да бір күнге дефолтка ұшыраған көлемнің есепті бағалануын білдіреді.

Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі (LGD) *Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі* белгілі бір уақыт сәтінде дефолт орын алған жағдайда туындайтын залалдардың есепті бағалануын білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды күтіп отырған, оның ішінде қамтамасыз етуді өткізу нәтижесінде күтіп отырған ақша ағындарының арасындағы айырмаға сүйене отырып есептеледі. Әдетте EAD -қа қатысты пайыздармен білдіріледі.

КНЗ бағалау резерві пайда болуы активтің қолданылу мерзімінің бойынша күтілетін (бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдары немесе бүкіл мерзім үшін КНЗ) несие залалдарының негізінде есептеледі, егер бастапқы мойындау сәтінен бастап несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайса, өйтпеген жағдайда бағалау резерві 12 айлық күтілегін несие залалдарына (12 айлық КНЗ) тең болатын сомада есептеледі. 12-айлық КНЗ - есепті күннен кейін 12 айдың ішінде болуы мүмкін қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын КНЗ білдіретін бүкіл мерзім үшін КНЗ бір бөлігі. Бүкіл мерзім үшін КНЗ мен 12-айлық КНЗ дербес негізде, не болмаса қаржы құралдары базалық портфельінің сипатына қарай топтық негізде есептеледі.

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Құнсыздануды бағалау (жалғасы)

Қоғам қаржы құралы қолданылуының қалған мерзімінің бойына дефолттың орын алу тәуекелінің өзгеруін есепке алу арқылы, қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап сол бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының болуына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңына бағалауды жүзеге асыруға арналған саясатты әзірледі. Жоғарыда сипатталған процестің негізінде Қоғам қаржы активтерін келесі топтарға біріктірді:

- 1-кезең: Несие бастапқыда танылған кезде Қоғам 12-айлық КНЗ тең болатын сомада бағалау резервін мойындайды. 1-кезеңге несиелер мен басқа да несиелік тәуекелдер, қаржы құралдары жатады, солар бойынша несиелік тәуекел олар 2-кезеңнен ауыстырылатындай дәрежеге дейін төмендетілді.
- 2-кезең: Егер несиелік тәуекел бойынша несиелік тәуекел бастапқыда танылған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайса, Қоғам бүкіл мерзім үшін КНЗ тең болатын сомада бағалау резервін мойындайды. Бұл кезеңге несиелер мен басқа да несиелік тәуекелдер, қаржы құралдары жатады, солар бойынша несиелік тәуекел олар 3-кезеңнен ауыстырылатындай дәрежеге дейін төмендетілді.
- 3-кезең: Несиелік-құнсызданған болып табылатын қаржы активтері. Қоғам бүкіл мерзім үшін КНЗ тең болатын сомада бағалау резервін мойындайды.
- СҚНҚ: Сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған (СҚНҚ) активтер - солар бойынша бастапқы мойындау сәтіне несиелік құнсыздану болған қаржы активтері. Бастапқы мойындау кезінде СҚНҚ активтері әділ құны бойынша бағаланады және кейіннен несиелік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсім танылады. КНЗ бағалау резерві бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік залалдары сомасының кейіннен өзгеруі болған көлемде танылады немесе танылуы тоқтатылады.

Дефолтты анықтау және сауықтыру

Қоғам қаржы құралы бойынша дефолт орын алды деп есептейді және тиісінше, қарыз алушы шартта көзделген төлем мерзімін 60 күнге кешіктірген жағдайда КНЗ-ны есептеу мақсатында 3-кезеңге (несиелік- құнсызданған активтер) жатқызады.

Клиент бойынша дефолттың болуын сапалы бағалау аясында Қоғам төлем болмай қалуы мүмкін екендігіне нұсқайтын бірқатар оқиғаны қарастырады. Мұндай оқиғалар орын алған жағдайда Қоғам мұндай оқиғаның дефолтқа әкеп соқтыратындығын және активтерді КНЗ есептеу мақсатында 3-кезеңге жатқызудың қажет екендігін немесе 2-кезең лайықты болатындығын мұқият саралайды:

- сыртқы рейтингтік агенттіктен D деңгейінде контрагенттің сыртқы кредиттік рейтингін беру;
- қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты қайта құрылымдау;
- қарыз алушының қайтыс болуы;
- кепіл шартын / қарыз шартын сот шешімі бойынша жарамсыз деп тану;
- санкция/сот шешімі бойынша қарыз алушының бас бостандығынан айыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушыны банкрот деп тану туралы талап арыз беру;
- сот тәртібімен мәжбүрлеп өндіріп алу;
- кросс-дефолт (Қоғамда ақпарат болған жағдайда).

Қоғамның саясатына сәйкес қаржы құралдары «емделген» болып саналады және тиісінше, дефолттың орын алуының бірде бір критерийі есепті күнге бақыланбағанда 3-кезеңге ауыстырылады. Актив «сауықтырылған» жағдайда оны 2-кезеңге немесе 1-кезеңге ауыстыру қажеттілігіне қатысты шешім бастапқы мойындау сәтінен бастап несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюының болғандығына қарай болады.

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кредиттік тәуекел (жалғасы)

Қазынашылық және банкаралық қатынастар

Қоғамның қазынашылық және банкаралық қатынастарына ЕДБ кепілдігімен берілетін қарыздарды қоса алғанда, Екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) қатынастары кіреді, оларға кем дегенде үш халықаралық рейтинг агенттіктерінің бірі (Fitch Ratings, Moody ' s Investors Service, S&P Global Ratings) сыртқы кредиттік рейтингтер береді. Контрагенттермен банкаралық мәмілелерді бағалау үшін қоғам әрбір контрагентті жеке бағалайды. Халықаралық рейтингтік агенттіктер немесе басқа да қолжетімді көздер ұсынған сыртқы рейтингі бар контрагенттер үшін қоғам Moody ' s Investors Service (корпоративтік рейтингтер) кестесіне сәйкес дефолт ықтималдығын бағалауды пайдаланады.

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін несиелендіру

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит берілген жағдайда провизияларды есептеу процесіне қатысатын қоғамның құрылымдық бөлімшелері кредиттік тәуекелдің Елеулі ұлғаю белгілерінің болуын, сондай-ақ қарыздың құнсыздану/қарыз дефолт белгілерінің болуын анықтау бойынша жұмысты жүргізеді. Несиелік тәуекелді бағалау мынадай түрлі тарихи, ағымдағы және болжамды ақпаратқа негізделген:

- Тарихи қаржылық ақпарат, клиенттер тұрғысынан дайындалған болжамдар мен жоспарлармен бірге. Мұндай қаржылық ақпарат алынған және күтілетін нәтижелер туралы деректерді, төлем қабілеттілігі коэффициенттерін, өтімділік коэффициенттерін және Клиент қызметінің қаржылық нәтижелерін бағалау үшін орынды кез келген басқа коэффициенттерді қамтиды.
- Макроэкономикалық ақпарат.
- Ұйымның нәтижелерін анықтау үшін клиенттің басқару сапасы мен мүмкіндіктері туралы басқа негізделген және расталған ақпарат.

Дефолт тәуекеліне ұшырайтын өлшем

Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем (EAD) құнсыздану мәніне бағалануға жататын қаржы құралдарының жалпы баланстық құнын білдіреді және дефолтқа жақындаған кезде қарсы агенттің өз берешегін ұлғайту қабілеттілігін, сол сияқты мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін көрсетеді.

Дефолт жағдайында залал

Дефолт (LGD) жағдайында залалды анықтау үшін қоғам қарыз алушының дефолттан кейінгі ақшалай қайтарымын (дефолттан кейінгі өтеу коэффициенті – RR (Cash)) және кредит бойынша кепілмен қамтамасыз етуді ескереді. RR (Cash) көрсеткіші тоқсанына бір рет бағаланады. Кепілмен қамтамасыз ету құны ай сайын қайта қаралады.

Ақша ағындарын айқындау шеңберінде кем дегенде соңғы 5 жылдағы дефолттық қарыздар бойынша ақша қаражатымен ай сайынғы өтеулер (кепіл мүлкікті өткізу сомасын қоспағанда) талданады және бес жыл ішіндегі ай сайынғы кумулятивтік RR(Cash) есептеледі.

Кредиттік тәуекелді бағалау нәтижесінде LGD белгілі бір деңгейлері белгіленетін LGD бағалаудың стандартты моделіне негізделеді. LGD-дің бұл деңгейлері ұсталған кепілдікті сату нәтижесінде қалпына келтірілетін немесе іске асырылатын сомалармен салыстырғанда күтілетін EAD көрсеткішін ескереді.

Несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуі

Әрбір есепті күнгі жағдай бойынша Қоғам қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел оның бастапқы танылған сәтінен бастап елеулі түрде ұлғайғанын бағалайды. Бағалау жүргізу кезінде қоғам күтілетін кредиттік шығындар сомасының өзгеруіне емес, қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі ішінде дефолт туындау тәуекелінің өзгеруіне бағдарланады. Қоғам есепті күнгі жағдай бойынша қаржы құралы бойынша дефолттың басталу тәуекелін бастапқы тану күніне қаржы құралы бойынша дефолттың басталу тәуекелімен салыстырады және тиісті құралды бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің Елеулі ұлғаюын көрсететін, шамадан тыс шығындарсыз немесе күш-жігерсіз қолжетімді негізделген және расталатын ақпаратты талдайды.

Егер негізделген және расталатын болжамды ақпарат шамадан тыс шығындарсыз немесе күш-жігерсіз қолжетімді болса, қоғам бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі түрде артқанын айқындау кезінде мерзімі өткен төлемдер туралы ақпаратқа ғана сүйенбейді. Алайда, мұндай ақпарат қолжетімсіз болған кезде, қоғам активті бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі түрде артқанын айқындау кезінде мерзімі өткен төлемдер және қарыз алушының берешегін қайта құрылымдаудың болуы туралы ақпаратты пайдаланады.

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Кредиттік тәуекел (жалғасы)***Бағалау топтық негізде жүзеге асырылатын қаржы активтерін топтастыру*

Төменде көрсетілген факторларға байланысты Қоғам КНЗ-ны жеке немесе топтық негізде есептейді.

Қоғам КНЗ-ны жеке негізде есептейтін активтер кластарына мыналар кіреді:

- қаржылық есептілік деректеріне сәйкес алдыңғы есепті күнге меншікті капитал шамасынан 0,2% - дан астам жалпы берешегі бар құнсыздану және/немесе дефолт белгілері бар барлық қаржылық активтер;
- қазынашылық және банкаралық қатынастар (мысалы, банктердегі қаражат, ақша қаражатының баламалары және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар);
- бастапқы қарызды тану және борышты қайта құрылымдау нәтижесінде жаңа қарызды тану тоқтатылған сәтте СҚНҚ ретінде жіктелген қаржы активтері.

Қоғам қаржылық есептілік деректеріне сәйкес алдыңғы есепті күнге құнсыздану/дефолт белгілері жоқ және/немесе меншікті капиталдың 0,2% - ынан кем берешегі бар қаржы активтері бойынша КНЗ-ны ұжымдық негізде есептейді. Ұжымдық негізде бағалауды жүзеге асыру кезінде ұжымдық талдау үшін ұқсас тәуекел сипаттамалары бар кредиттерді сегменттеу жүргізіледі. Ұжымдық негізде бағаланатын активтер бойынша КНЗ есептеу әрбір сегмент бойынша жеке жүзеге асырылады.

Болжамды ақпарат пен көптеген экономикалық сценарийлер

КНЗ-ны есептеу модельдерінде қоғам бастапқы экономикалық деректер ретінде ЖІӨ өсімінің қарқыны туралы макроэкономикалық болжамды ақпаратты пайдаланады.

Макроэкономикалық факторды таңдау оның көптеген басқа факторлардың әсерін көрсететін экономикалық мағынада ең жалпы (кең) көрсеткіштердің бірі болуымен байланысты.

Қоғам болжамды ақпаратты алу үшін сыртқы көздерден алынған деректерді пайдаланады (тиісті мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты және басқа да сыртқы ақпараттық көздер). Төмендегі кестеде КНЗ бағалау үшін әр экономикалық сценарийде қолданылатын болжамды экономикалық айнымалылардың/ болжамдардың мәндері көрсетілген. «Кейінгі жылдар» бағаны үшін деректер ұзақ мерзімді орташа көрсеткіш болып табылады, сондықтан 2020 жылғы 31 желтоқсандағы барлық сценарийлер үшін бірдей:

<i>Түйін факторлар</i>	<i>КЗН сценарийі</i>	<i>Берілген ықтималдық,</i>			<i>Кейінгі жылдар</i>
		<i>%</i>	<i>2021 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>	
ЖІӨ өсімі					
	Оңтайлы	16%	1,67	1,93	1,78
	Базалық	68%	0,67	0,93	0,78
	Пессимистік	16%	-0,33	-0,07	-0,22

КНЗ кредиторлар жағдайындай дәл осылайша есептеледі.

Қоғамның қаржы активтері мен міндеттемелері Қазақстан Республикасында шоғырланады.

Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару

Өтімділік тәуекелі - Қоғамның төлемдер бойынша өз міндеттемелерін әдеттегі немесе төтенше жағдайларда өтеу мерзімі келген кезде орындай алмау тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында, басшылық қолданыстағы алынған ең аз банк қарыздарының сомасына қосымша ретінде түрлі қаржыландыру көздерінің қолжетімділігін қамтамасыз етті. Басшылық сондай-ақ өтімділікті ескере отырып, активтерді басқаруды және болашақ ақша ағымдарына күнделікті мониторинг жүргізуді жүзеге асырады. Бұл үрдіске күтілетін ақша ағындарын бағалау және қажет болған жағдайда, қосымша қаржыландыруды алу үшін пайдаланылуы мүмкін өтімділігі жоғары активтердің болуы кіреді.

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару (жалғасы)***Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелерді талдау*

Төмендегі кестеде өтеу бойынша дисконтталмаған шарттық міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлінісінде 2020 және 2019 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның қаржылық міндеттемелері берілген.

<i>2020 жылғы 31 желтоқсанға</i>	<i>3 айға дейін</i>	<i>Зайдан 12 айға дейін</i>	<i>1 жылдан 5 жылға дейін</i>	<i>5 жылдан астам</i>	<i>Жиыны</i>
Акционер алдындағы берешек	3.523.420	55.320.939	102.180.396	61.153.719	222.178.474
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1.399.950	48.756.392	87.717.144	95.956.492	233.829.978
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	884.588	5.772.795	43.052.829	10.516.072	60.226.284
Өзге қаржылық міндеттемелер	–	446.217	197.125	–	643.342
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	5.807.958	110.296.343	233.147.494	167.626.283	516.878 .078

<i>2019 жылғы 31 желтоқсанға</i>	<i>3 айға дейін</i>	<i>Зайдан 12 айға дейін</i>	<i>1 жылдан 5 жылға дейін</i>	<i>5 жылдан астам</i>	<i>Жиыны</i>
Акционер алдындағы берешек	2.535.698	53.971.048	97.629.835	54.562.101	208.698.682
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	9.969.151	–	–	–	9.969.151
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	425.000	7.570.002	76.810.848	36.672.357	121.478.207
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	321.689	1.773.160	34.107.422	14.231.188	50.433.459
Өзге қаржылық міндеттемелер	–	477.868	402.233	–	880.101
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	13.251.538	63.792.078	208.950.338	105.465.646	391.459.600

Төмендегі кестеде Қоғамның несиелік сипатындағы шартты және шарттық міндеттемелердің келісімшарттық мерзімі көрсетілген. Несиелер беру жөніндегі барлық орындалмаған міндеттемелер клиент оның орындалуын талап ете алатын ең ерте күнді қамтитын уақыт кезеңіне енгізіледі.

	<i>3 айға дейін</i>	<i>Зайдан 12 айға дейін</i>	<i>1 жылдан 5 жылға дейін</i>	<i>5 жылдан астам</i>	<i>Жиыны</i>
2020 жыл	96.630.974	–	–	–	96.630.974
2019 жыл	93.469.181	–	–	–	93.469.181

Қоғам кредиттік сипаттағы барлық шарттық міндеттемелерді олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін орындау талап етілмейді деп күтеді.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел - қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағымдарының әділ құны пайыздық мөлшерлемелер, валюта бағамдары және үлескерлік құралдар бағасы сияқты нарықтық өлшемдердің өзгеруі салдарынан ауытқитын тәуекелдер.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістердің болашақ ақша ағымдарына немесе қаржы құралдарының әділ құнына әсер ету мүмкіндігі салдарынан туындайды. Қоғамның активтері мен міндеттемелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер тіркелген болып табылады.

(мың теңгемен)

25. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Нарықтық тәуекел (жалғасы)***Валюталық тәуекел*

Валюталық тәуекел - қаржы құралының құны валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі.

Келесі кестеде Қоғамның 31 желтоқсанға саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелер бойынша, сондай-ақ болжамды ақша ағындары бойынша едәуір позициялары бар валюталар көрсетілген. Жасалған талдау пайда немесе зиян туралы жеке есепке теңгеге қатысты валюта бағамдарындағы ықтимал өзгерістің әсері есебінен тұрады (кейбір монетарлық активтер мен міндеттемелердің болуы салдарынан олардың әділ құны валюта бағамының өзгеруіне сезімтал келеді). Капиталға әсер пайда немесе зиян туралы жекелеген есепке әсерінен ерекшеленбейді. Кестедегі теріс сомалар пайда немесе зиян туралы жекелеген есепте немесе капиталда ықтимал таза азаюды көрсетеді, ал оң сомалар әлеуетті таза ұлғаюды көрсетеді.

<i>Валюта</i>	<i>2020 жыл</i>		<i>2019 жыл</i>	
	<i>Валюта бағамындағы өзгеріс, %</i>	<i>Салық салынғанға дейін пайдаға әсері</i>	<i>Валюта бағамындағы өзгеріс, %</i>	<i>Салық салынғанға дейін пайдаға әсері</i>
АҚШ доллары	+10,00%	(2.366)	+12,00%	(2.745)
АҚШ доллары	-10,00%	2.366	-9,00%	2.058
Ресей рублі	+8,00%	-	+12,00%	(370)
Ресей рублі	-8,00%	-	-12,00%	370

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел - жүйелік іркіліс, қызметкерлердің қателері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмысын тоқтатқан кезде Операциялық тәуекелдер беделге нұқсан келтіруі, заңды салдары болуы немесе қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін. Қоғам барлық Операциялық тәуекелдер жойылады деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесі арқылы және бақылау және ықтимал тәуекелдерге тиісті реакция арқылы қоғам осындай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді тиімді бөлуді, қол жеткізу құқығын, бекіту және салыстыру рәсімдерін, персоналды оқытуды, сондай-ақ ішкі аудитті қоса алғанда, бағалау рәсімдерін көздейді.

(мың теңгемен)

26. Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелердегі өзгерістер

	<i>Акционер алдындағы берешек</i>	<i>Кредиттік ұйымдардың қаражаты</i>	<i>Шығарылған борыштық бағалы қағаздар</i>	<i>Қазақстан Республикасының Үкіметі алдындағы берешек</i>	<i>Мемлекетті к және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек</i>	<i>Қаржылық қызмет бойынша міндетте лер жиыны</i>
2019 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құн	155.214.588	9.876.118	86.340.978	-	36.435.103	287.866.787
Түсімдер	33.523.182	-	76.206.439	70.000.000	12.856.780	192.586.401
Өтеу	(20.533.889)	(9.800.000)	-	(70.000.000)	(3.066.250)	(103.400.139)
Жарияланған дивидендтер	16.034.036	-	-	-	-	16.034.036
Дивидендтерді төлеу	(16.034.036)	-	-	-	-	(16.034.036)
Әділ құн бойынша міндеттемелерді бастапқы тану кезіндегі дисконт	(9.738.641)	-	-	-	(5.038.235)	(14.776.876)
Өзге	5.662.790	(76.118)	1.650.073	-	3.582.735	10.819.480
2020 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны	164.128.030	-	164.197.490	-	44.770.133	373.095.653
2018 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны	127.888.348	9.546.645	56.898.981	-	22.634.685	216.968.659
Түсімдер	69.601.108	9.800.000	28.729.231	60.000.000	17.867.780	185.998.119
Өтеу	(23.348.012)	(9.477.051)	-	(60.000.000)	(365.127)	(93.190.190)
Жарияланған дивидендтер	10.375.617	-	-	-	-	10.375.617
Дивидендтерді төлеу	(10.375.617)	-	-	-	-	(10.375.617)
Әділ құн бойынша міндеттемелерді бастапқы тану кезіндегі дисконт	(23.697.782)	-	-	-	(6.244.717)	(29.942.499)
Өзге	4.770.926	6.524	712.766	-	2.542.482	8.032.698
2019 жылғы 31 желтоқсандағы баланстық құны	155.214.588	9.876.118	86.340.978	-	36.435.103	287.866.787

«Өзге» бабы қаржылық қызметке қатысты міндеттемелер бойынша есептелген, бірақ әлі төленбеген пайыздардың әсерін көрсетеді. Қоғам төленген пайыздарды операциялық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде жіктейді.

27. Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер әділ құнды тұтастай бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей: тиісті активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтардағы баға белгілеулер (түзетілмеген);
- 2-деңгей: бүкіл бастапқы дерек нарықта байқалатын ақпаратқа тікелей немесе жанама негізделетін есептілікте бейнеленетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бағалау моделі;
- 3-деңгей: нарықта байқалатын ақпаратқа негізделмейтін есептілікте бейнеленетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бүкіл бастапқы деректі пайдаланатын бағалау моделі.

(мың теңгемен)

27. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

Келесі кестеде әділ құны әділ құн көздері иерархиясының деңгейлері бөлінісінде ашылатын қаржы құралдарының талдауы ұсынылған:

	Өтеу күні	Әділ құнды пайдалана отырып бағалау			Жиыны
		1 деңгейдегі бастапқы деректер	2 деңгейдегі бастапқы деректер	3 деңгейдегі бастапқы деректер	
2020 жылғы 31 желтоқсанға					
Әділ құны ашылатын активтер					
Ақша қаражаты және оның баламалары	2020 жылғы 31 желтоқсан	48.744.242	-	-	48.744.242
Банктердегі қаражат	2020 жылғы 31 желтоқсан	-	11.935.299	-	11.935.299
Клиенттерге берілген несиелер	2020 жылғы 31 желтоқсан	-	-	436.686.168	436.686.168
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	2020 жылғы 31 желтоқсан	-	-	655.035	655.035
Инвестиционные ценные бумаги	2020 жылғы 31 желтоқсан	26.898.863	658.279	-	27.557.142
Басқа қаржы активтері	2020 жылғы 31 желтоқсан	-	-	1.206.060	1.206.060
Әділ құны ашылатын міндеттемелер					
Акционер алдындағы берешек	2020 жылғы 31 желтоқсан	-	148.455.904	-	148.455.904
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	2020 жылғы 31 желтоқсан	-	40.597.531	-	40.597.531
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	2020 жылғы 31 желтоқсан	-	150.872.522	-	150.872.522
Басқа да қаржылық міндеттемелер	2020 жылғы 31 желтоқсан	-	350.871	245.114	595.985
2019 жылғы 31 желтоқсанға					
Әділ құны ашылатын активтер					
Ақша қаражаты және оның баламалары	31 декабря 2019 года	48.578.130	-	-	48.578.130
Банктердегі қаражат	31 декабря 2019 года	-	42.680.055	-	42.680.055
Клиенттерге берілген несиелер	31 декабря 2019 года	-	-	363.961.235	363.961.235
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	31 декабря 2019 года	-	-	2.123.939	2.123.939
Инвестиционные ценные бумаги	31 декабря 2019 года	-	588.664	-	588.664
Басқа қаржы активтері	31 декабря 2019 года	-	-	1.293.840	1.293.840
Әділ құны ашылатын міндеттемелер					
Акционер алдындағы берешек	31 декабря 2019 года	-	154.582.601	-	154.582.601
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	31 декабря 2019 года	-	36.580.082	-	36.580.082
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	31 декабря 2019 года	-	9.876.118	-	9.876.118
Выпущенные долговые ценные бумаги	31 декабря 2019 года	-	88.746.438	-	88.746.438
Басқа қаржы активтері	31 декабря 2019 года	-	-	803.491	803.491

(мың теңгемен)

27. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)**Қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша көрсетілмеген қаржы құралдары**

Төменде қаржылық есептілікте көрсетілген Қоғамның қаржы құралдарының ағымдағы және әділ құнын салыстыру келтірілген. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құны көрсетілмеген.

	<i>2020 жылғы 31 желтоқсан</i>		
	<i>Баланстық құны</i>	<i>Әділ құн</i>	<i>Танылмаған пайда / (шығындар)</i>
Қаржылық активтер			
Ақша қаражаты және оның баламалары	48.744.242	48.744.242	–
Банктердегі қаражат	14.940.653	11.935.299	(3.005.354)
Клиенттерге берілген несиелер	449.537.300	436.686.168	(12.851.132)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	740.711	655.035	(85.676)
Инвестиционные ценные бумаги	27.569.113	27.557.142	(11.971)
Басқа қаржы активтері	1.206.060	1.206.060	–
Қаржылық міндеттемелер			
Акционер алдындағы берешек	164.128.030	148.455.904	15.672.126
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	44.770.133	40.597.531	4.172.602
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	164.197.490	150.872.522	13.324.968
Басқа да қаржылық міндеттемелер	608.002	595.985	12.017
Іске асырылмаған әділ құнның танылмаған өзгерісінің жиыны			17.227.580

	<i>2019 жылғы 31 желтоқсан</i>		
	<i>Баланстық құны</i>	<i>Әділ құн</i>	<i>Танылмаған пайда / (шығындар)</i>
Қаржылық активтер			
Ақша қаражаты және оның баламалары	48.578.130	48.578.130	–
Банктердегі қаражат	45.063.483	42.680.055	(2.383.428)
Клиенттерге берілген несиелер	361.783.687	363.961.235	2.177.548
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	2.287.406	2.123.939	(163.467)
Инвестиционные ценные бумаги	604.896	588.664	(16.232)
Басқа қаржы активтері	1.293.840	1.293.840	–
Қаржылық міндеттемелер			
Акционер алдындағы берешек	155.214.588	154.582.601	631.987
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдар алдындағы берешек	36.435.103	36.580.082	(144.979)
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	9.876.118	9.876.118	–
Выпущенные долговые ценные бумаги	86.340.978	88.746.438	(2.405.460)
Басқа қаржы активтері	804.569	803.491	1.078
Іске асырылмаған әділ құнның танылмаған өзгерісінің жиынтығы			(2.302.953)

Төменде осы қаржылық есептілікте әділ құн бойынша көрсетілмеген қаржы құралдарының әділ құнын айқындау кезінде пайдаланылған әдістемелер мен жол берулер сипатталған.

Әділ құны олардың баланстық құнына шамамен тең активтер

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер жағдайында олардың баланстық құны шамамен әділ құнға тең болуына жол беріледі. Бұл жол беру талап етілгенге дейінгі салымдарға, белгіленген өтеу мерзімі жоқ жинақ шоттарына да қолданылады.

(мың теңгемен)

27. Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)**Қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша көрсетілмеген қаржы құралдары (жалғасы)***Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер*

Биржада белгіленген борыштық құралдар жағдайында әділ құн жарияланған нарықтық бағаларға негізделген. Белгіленбеген борыштық құралдар жағдайында ағымдағы пайыздық ставка бойынша дисконтталған ақша ағындарының моделі ұқсас шарттары мен кредиттік тәуекелі бар борыштық құралдар үшін өтелгенге дейінгі қалған уақыт кезеңін ескере отырып пайдаланылады.

28. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін сараптау

Төмендегі кестеде оларды өтеудің күтілетін мерзімдері бөлінісінде активтер мен міндеттемелер берілген. Қоғамның өтеу жөніндегі шарттық дисконтталмаған міндеттемелері туралы ақпарат “тәуекелдерді басқару” деген 25-ескертпеде ашып көрсетілген.

	2020 жыл			2019 жыл		
	Бір жыл ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны	Бір жыл ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны
Активтер						
Ақша қаражаты мен оның баламалары						
Банктердегі қаражат	48.744.242	–	48.744.242	48.578.130	–	48.578.130
Клиенттерге берілген несиелер	3.290.300	11.651.378	14.941.678	31.246.221	13.817.262	45.063.483
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	149.158.337	300.068.616	449.226.953	120.543.198	241.240.489	361.783.687
Сатуға арналған активтер	–	740.711	740.711	1.796.435	490.971	2.287.406
Инвестициялық бағалы қағаздар	3.409.307	–	3.409.307	1.880.310	–	1.880.310
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	26.898.863	670.250	27.569.113	8.668	596.228	604.896
Негізгі құралдар	–	438.163	438.163	–	447.821	447.821
Материалдық емес активтер	–	314.557	314.557	–	367.500	367.500
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	–	245.064	245.064	–	254.653	254.653
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	–	–	–	–	–	–
Активтер	–	–	–	–	–	–
Ақша қаражаты мен оның баламалары	–	–	–	–	–	–
Басқа да активтер	1.505.199	41.067	1.546.266	1.622.756	40.525	1.663.281
Активтер жиыны	233.006.248	314.169.806	547.176.054	205.464.250	257.466.917	462.931.167
Міндеттемелер						
<i>2020 жыл</i>						
	Бір жыл ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны	Бір жыл ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны
Акционердің алдындағы берешек	55.771.725	108.356.305	164.128.030	52.256.425	102.958.163	155.214.588
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	–	–	–	9.876.118	–	9.876.118
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	52.394.152	111.803.338	164.197.490	2.397.818	83.943.160	86.340.978
Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардың алдындағы берешек	6.384.741	38.385.392	44.770.133	2.091.399	34.343.704	36.435.103
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	49.345	–	49.345	135.976	–	135.976
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	–	1.468.832	1.468.832	–	1.486.049	1.486.049
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	447.545	–	447.545	373.023	–	373.023
Басқа да міндеттемелер	4.877.233	172.853	5.050.086	3.888.235	343.352	4.231.587
Міндеттемелер жиыны	119.924.741	260.186.720	380.111.461	71.018.994	223.074.428	294.093.422
Таза позиция	113.081.507	53.983.086	167.064.593	134.445.256	34.392.489	168.837.745

(мың теңгемен)

29. Байланысты тараптармен операциялар

24 (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» ХКЕС-ке сәйкес байланысты Тараптар болып саналады, олардың біреуінің екінші Тараптың операциялық және қаржылық шешімдерін бақылау немесе елеулі дәрежеде ықпал ету мүмкіндігі бар. Тараптардың бір-бірімен байланысты екендігі туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, Тараптар арасындағы қатынастардың мазмұны да ескеріледі.

Байланысты Тараптар байланысты емес Тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелерге кіруі мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен шарттары байланысты емес Тараптар арасындағы мәмілелер бағалары мен шарттарынан өзгеше болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі акционер арқылы Қоғамның қызметін бақылайды.

Байланысты тараптармен операциялардың көлемі, жыл соңындағы сальдо, сондай-ақ бір жылдағы шығыстар мен кірістердің тиісті сомалары төменде берілген:

	2020 жыл			2019 жыл		
	Акционер	Жалпы бақылау астындағы компаниялар	Мемлекетпен байланысты ұйымдар	Акционер	Жалпы бақылау астындағы компаниялар	Мемлекетпен байланысты ұйымдар
I қантарға берілген несиелер	–	16.566.917	–	–	10.017.784	–
Берілген несиелер	–	–	–	–	8.225.000	–
Өтелген несиелер	–	(2.822.500)	–	–	(1.000.000)	–
Өзге айырмалар	–	74.356	–	–	(675.867)	–
31 желтоқсанға берілген несиелер	–	13.818.773	–	–	16.566.917	–
31 желтоқсанға арналған КНЗ резервін шегере отырып	–	(641.857)	–	–	(849.368)	–
КНЗ резервін шегере отырып 31 желтоқсанға берілген несиелер	–	13.176.916	–	–	15.717.549	–
I қантарға сатып алынған борыштық бағалы қағаздар	–	606.258	–	–	579.990	–
Алынған БҚ	–	–	–	–	–	–
Кезең ішінде өтелгені	–	–	–	–	–	–
Өзге де айырмалар	–	65.501	–	–	26.268	–
31 желтоқсанға берілген несиелер	–	671.759	–	–	606.258	–
31 желтоқсанға арналған КНЗ резервін шегере отырып	–	(1.509)	–	–	(1.362)	–
31 желтоқсанға сатып алынған борыштық бағалы қағаздар, КНЗ резервін шегере отырып	–	670.250	–	–	604.896	–
	2020 жыл			2019 жыл		
	Акционер	Жалпы бақылау астындағы компаниялар	Мемлекетпен байланысты ұйымдар	Акционер	Жалпы бақылау астындағы компаниялар	Мемлекетпен байланысты ұйымдар
I қантарға алынған несиелер	155.214.588	–	36.435.103	127.888.348	–	22.634.685
Берілген несиелер	33.523.182	–	82.856.780	69.601.108	–	17.867.780
Өтелген несиелер	(20.533.889)	–	(73.066.250)	(23.348.012)	–	(365.127)
Өзге айырмалар	(4.075.851)	–	(1.455.500)	(18.926.856)	–	(3.702.235)
31 желтоқсанға берілген несиелер	164.128.030	–	44.770.133	155.214.588	–	36.435.103
I қантарға шығарылған борыштық бағалы қағаздар	56.564.565	797.230	–	56.081.191	797.174	–
Орналасстырылған борыштық бағалы қағаздар	–	–	–	–	–	–
Кезең ішінде өтелгені	–	–	–	–	–	–
Өзге айырмалар	(204.718)	7	–	483.374	56	–
31 желтоқсанға шығарылған борыштық бағалы қағаздар	56.359.847	797.237	–	56.564.565	797.230	–

(мың теңгемен)

29. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

31 желтоқсанға арналған цессия шарттары бойынша берешек	-	-	-	-	-	-
Берілген қарыздар бойынша пайыздық кірістер	-	1.952.111	-	-	1.366.689	-
Сатып алынған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық кірістер	-	65.501	-	-	7.609	-
Алынған қарыздар бойынша пайыздық шығыстар	(12.597.806)	-	(3.593.758)	(11.633.922)	-	(2.546.677)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық шығыстар	(5.034.677)	(63.594)	-	(5.022.820)	(63.640)	-
Цессия шарттары бойынша пайыздық шығыстар	-	-	-	-	(61.531)	-
Кредиттік шығындар бойынша шығыстар	-	(207.365)	-	-	(628.116)	-

Акционерден алынған қарыздар 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жылдық 4,5% - 11,5% дейін тиімді пайыздық мөлшерлемелерге ие (2019 жылғы 31 желтоқсанда: жылдық 4,5% - 11,6% - ға дейін).

Мемлекеттік және бюджеттік ұйымдардан алынған қарыздар 2020 жылғы 31 желтоқсанда жылдық 7,1% - 13,3% дейін тиімді пайыздық мөлшерлемелерге ие (2019 жылғы 31 желтоқсанда: жылдық 7,1%-13,3% дейін).

Негізгі басқарушы персоналға сыйақы

Негізгі басқарушы персонал 2020 жылы 7 адамнан (2019 жылы 5 адамнан) тұрды. Негізгі басқарушы персоналға сыйақы келесі позицияларды қамтиды:

	<u>2020 жыл</u>	<u>2019 жыл</u>
Жалақы және басқа да қысқа мерзімді төлемдер	108.870	105.372
Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар	10.080	9.693
Негізгі басқарушы персоналға сыйақының жалпы сомасы	118.950	115.065

30. Капиталдың жеткіліктілігі

Қоғам өзінің қызметіне тән тәуекелдерден қорғау мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады. Қоғам капиталының жеткіліктілігі басқа әдістерден басқа, ҚРҰБ белгілеген коэффициенттерді пайдалану арқылы бақыланады.

2020 және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам капиталға қатысты барлық сыртқы белгіленген талаптарды толық сақтады.

Қоғам үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты капиталға қатысты сыртқы талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және жоғары кредиттік рейтинг пен қызметті жүзеге асыру және Акционерлік құнды барынша арттыру үшін қажетті капиталдың жеткіліктілік нормативтерін қолдау болып табылады.

Қоғам өз капиталының құрылымын басқарады және оны экономикалық жағдайлардағы өзгерістер мен жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің тәуекелдік сипаттамалары тұрғысынан түзетеді.

ҚРҰБ банк қызметінің жекелеген түрлерімен айналысатын ұйымдардан 1 деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициентін (k1) активтердің кемінде 6% мөлшерінде; капиталдың жеткіліктілік коэффициентін (k1-2) тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің және шартты және ықтимал міндеттемелердің кемінде 6% - ы мөлшерінде; және капитал жеткіліктілігінің жалпы коэффициентін (k1-3) тәуекел мен операциялық тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің және шартты және ықтимал міндеттемелердің кемінде 12% мөлшерінде қолдауды талап етеді.

(мың теңгемен)

30. Капиталдың жеткіліктілігі (жалғасы)

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ талаптарына сәйкес есептелген қоғам капиталы жеткіліктілігінің коэффициенттері мынадай болды:

	<i>2020 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2019 жылғы 31 желтоқсан</i>
Бірінші деңгейдегі капитал	147.289.231	152.703.069
Екінші деңгейдегі капитал	19.660.049	16.034.036
Занды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестері	–	–
Итого капитала	166.949.280	168.737.105
Тәуекелді ескере отырып мөлшерленген активтер	519.851.842	465.594.646
Шартты және ықтимал міндеттемелер	48.315.487	46.734.591
Операциялық тәуекел	24.776.716	21.147.698
Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k1)	26,92%	32,99%
Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k1-2)	25,92%	29,81%
Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (k1-3)	28,16%	31,63%

31. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Қоғам алдағы қайта ұйымдастырылуға карамастан, портфельдік компанияларды екі есе қысқартумен және штат санын тиісті түзетумен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ біріктіру жолымен бірыңғай даму институтын құру көзделген Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі ҚР Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі №413 жарлығымен бекітілген Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 52-тармағын орындау шеңберінде, қаржылық есептілік Қоғамның қызметі үздіксіз деген негізде әзірленді. Осы тармақты іске асыруға бағытталған іс-шаралар тізбесі бар жол картасы әзірленіп, бекітілді. Аяқтау мерзімін 2021 жылғы наурызға белгіледі.

Жол картасына сәйкес «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ еншілес компанияларын қайта ұйымдастыру жоспары әзірленді. Жоспарда мыналар бар:

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ функцияларын «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға беру;
- «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ функцияларын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға беру және тиісті корпоративтік шешімдерді қабылдау;
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-мен қосылу жолымен «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ қайта ұйымдастыру, кейіннен «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ны тарату және тиісті корпоративтік шешімдер қабылдау.

Жол картасы тармақтарының орындалу мерзімі шартты және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне байланысты.

2021 жылғы 17 ақпанда Қоғам Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен жылына 0,01% номиналды сыйақы мөлшерлемесімен 70.000.000 мың теңге сомасына № 9ПРЧ1138 несиелік шартын жасады. Осы кредиттік шарт шеңберінде қаржыландыру агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржыландыру мақсатында 2021 жылғы 25 ақпанда толық көлемде алынды.